Осы мақсатқа жету үшін пәннің алдына келесі міндеттер қойылады: қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамасындағы болған өзгертулер мен толықтырулардың есебінде теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын бекіту; ҚР басқа да құқық қорғау органдарымен өзара іс қимылдарын жүзеге асыру бойынша қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексеруге байланысы штаттық және штаттан тыс жағдайларда қылмыстық-процестік нормаларды қолдану шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыру; заңдылықты қатаң түрде сақтау және кез келген құқық бұзушылықты жасауға жол бермеу қажеттілігінде көз жеткізу; ұйымдық-өкілдік құжаттарды және анықтаушының іс қағаздарын сапалы түрде

толтыруды, қылмыстық істердің материалдарын және оның қосымшаларын сапалы түрде ресімдеуді үйрету.

Осыған байланысты басым сипаттағы бағытта ведомствалық білім беруде Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының келешегі оның қызметкерлерінің кәсіби дайындығымен анықталатындықтан ішкі істер органдары қызметкерлерін оқытуды жетілдіру және оқу үрдісіне тәжірибелік бағыт беру анықталған және оларға келесідей талаптар қойылады:

1.4.Түлекті кәсіби дайындаудағы тәртіптің орыны

Сотқа дейінгі өндірістің әрбір кезеңінде курсанттарға теориялық танудың дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыра отырып, қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру механизмін меңгеру үшін құқықтық базисты топтастыратын «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» пәнін Құқық қорғау қызметі мамандығының курсанттарына қылмыстық және қылмыстық-процестік құқығы, криминалистика, криминология, сот медицина, сот психиатрия, психология, басқарудың ғылыми негіздері бойынша жеткілікті теориялық білімдерін алу барысында оқиды.

1.5.Пәннің мазмұнының деңгейіне қойылатын талаптар. Курсанттардың міндеттері.

Курсант білуі қажет:

-анықтау органың, прокуратураның, соттың қылмыстық-процестік реттелуінің қызметінің негіздерін;

- қылмыстық құқық бұзушылықты сотқа дейінгі тергеп-тексеруде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде қолданылатын құқық нормаларын негіздерін;

-Қазақстан Республикасының ПМ, бас прокуратураның тергеу аппараттарының процестік және ұйымдастырушылық қызметін реттейтін бұйрықтарын;

-жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтардың санаттарының теоретикалық негіздерін;

-ПО алдын-ала және анықтау органдарының тергеу ретіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және сотқа дейінгі тергеп-тексеру негіздерін;

-басқа құқық қорғау органдарымен және қоғаммен өзара әрекеттесу негіздерін;

-тергеу барысында процестік, тактикалық және ұйымдастырушылық шешімдерді қабылдау теориясын; қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және сотқа дейінгі тергеп-тексеру ескерту барысында жедел бөліністерінің басқа да қызметтермен өзара әрекетінің түрлерін,

-қарапайым сотқа дейінгі тергеп-тексеру жағдайларын;

- сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттерін жүргізудің тактикалық тәсілдері;

- криминалистикалық техниканың тактикалық-техникалық мүмкіндіктері;

-Қазақстан Республикасының жедел-іздістіру қызметі органдарының негіздерін;

-ЖІШ нәтижесінде табылған ақпараттарды рәсімдеу және қолдана білу;

-криминалистикалық және жедел есептің жүйесі және тағайындалуы;

- Қазақстан Республикасындағы сараптамалық мекемелердің жүйесі;

-эксперт пен маманның процестік жағдайы, олардың құқықтары және қызметінің негіздерін;

-қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мақсатында заттай дәлелдемелерді белгілеу, іздеу, табу, алу және зерттеу тәсілдері мен әдістерін, заманауи техника-криминалистикалық құралдарды.

Курсант мыналарға шебер болуы қажет:

-анықтау, қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттеріне жету үшін негізгі маңызы бар құқық нормаларын дұрыс қолдануды;

-анықтау органының қызметінің процестік жән ұйымдастырушылық қызметін реттейтін Қазақстан республикасының Бас прокуратурасының, ПМ бұйрықтары, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын басшылыққа алу;

- сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу, тактикалық және ұйымдастырушылық шешімдерді қабылдауға;

- қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мақсатында заттай дәлелдемелерді іздеу, табу, бекіту, алу және зерттеу қазіргі техникалық-криминалистикалық құралдарын, әдістерін және тәсілдерін қолдануды;

- қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мақсатында қолданылатын арнайы білім мен қолданбалы ғылымның мүмкіндіктерін пайдалану;

-құжаттарды түгендеудің және тексерудің тәсілі мен әдістерін пайдалану;

-жедел-іздістіру шараларын жүргізу барысында түскен мәліметтерді ресімдеу және қолдануды;

-статистикалық карточкаларды толтыру және жеделдік және криминалистикалық тіркеулерді қолдану;

-қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмысында криминалистикалық әдістерді және тәсілдерді сараптама мен тексеру жүргізу кезінде қолдану;

- қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мақсатында заттай дәлелдемелерді іздеу, табу, бекіту, алу және зерттеу қазіргі техникалық-криминалистикалық құралдарын, әдістерін және тәсілдерін қолдануды;

-қылмыстық құқық бұзушылықтарды жауапкершілікке тартылатын тұлғалардың іс-әрекеттерін нақты және дұрыс саралау;

-қылмыстық құқық бұзушылық бойынша тергеу мен қылмысты ашуды жоспарлы түрде ұйымдастыру;

-қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуды және кінәлі тұлғаларды анықтауды қамтитын тергеу болжамдарын құруды;

-қылмыстық әрекеттерге бауланған тұлғалармен психологиялық байланыс жасау;

-қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес тергеп-тексеру іс-әрекеттерін ұйымдастыру және жүргізуді;

-Қазақстан Республикасының және басқа елдерінің құқық қорғау қызметтері және бөліністерімен өзара әрекеттесуді жүзеге асыруды;

- процеске қатысушылардың құқықтарын жүзеге асыруын және міндеттерін орындауын қамтамасыз етуді, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шараларды қолдануды;
- процестік мерзімдерді санау және оларды ұзарту туралы мәселені шешуді;
- халықаралық-құқықтық актілерді қолдану;
- Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде жедел-ізвестурі шараларының нәтижелеріндегі ресмилендірудің тактикалық әдістерін қолдану;

Курсант мынадай төменгі мәселелерден хабардар болу керек:

- басқа білім саласы бойынша және сот сараптамасын жүргізу әдісітемесін;
- сараптамалық-криминалистикалық есептерді, картотекаларды, коллекцияларды, енгізу, қылмыстарды ашу және тергеуде оларды қолданудың тиімділігін арттыру бойынша іс шараларды дайындау және жүзеге асыру түрін;
- жедел-ізвестіру қызметінің әдістері мен тәсілдерін;
- жедел ақпараттарды тексерудің құралдары мен тәсілдерін және оны өңдеу мен сараптауды;

Тек қана толық көлемде осы білімдер мен шеберліктерді меңгерген курсант таңдаған мамандыққа сәйкес өзіне қойылған міндеттерді орындауға тиіс маман деп тануға болады.

1.6. Пәнді оқыту әдісі.

Курсанттармен «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» пәнін игеруде сабақ жоспарлары мен тақырыптық жоспарлармен танысу ұйғарылған. Осы пәнде толық көлемде Қазақстан Республикасының басқа да құқық қорғау органдарымен өзара әрекетін жүзеге асыру бойынша анықтаушының ұйымдастыру-өкімдік қызметіне байланысты тергеп-тексерудің құжаттарды дайындау мен толтыруді жүзеге асыру бойынша мәселелер көрініс тапты.

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» пәнін игеруде ҚР Үкіметі мен Парламенті, Президенттің шешімдеріне, ҚР заңдарына, Қазақстан Республикасының Конституциясының ережелеріне көңіл бөлу қажет. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының және ішкі істер Министрлігінің Бұйрықтарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының Нормативтік қаулыларын, және ҚР әрекет етуші заңнамасындағы өзгертулер мен толықтыруларды және қылмыстық істерді тергеудің озат әдістерін, сот-тергеулік тәжірибені игеру ұсынылады.

ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының оқу жоспарымен «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» пәнін игеру үшін дәрістік және тәжірибелік сабақтарына 90 сағат, және КӨЖ 45 сағат берілген.

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» пәнін 5 семестр ішінде оқыту қарастырылған. Оқу жоспарына сәйкес бір фабуланы қарастырып, қылмыстық теріс қылық туралы хаттама жасап процестік құжаттар толтыру көзделген.

Сабақ барысында курсанттар жекелеген процестік әрекеттерді ұйымдастыру және жүргізумен қатар процестік құжаттарды және анықтаушының іскерлік қағаздарын толтыру дағдыларын қалыптастырады. Тергеп-тексеру оқу курсының аяқтауында курсанттар хаттамалық нысандағы қылмыстық іс макетін кафедраға тексеруге тапсырады. Қылмыстық істің макетін тапсыру емтихан тапсыруға рұқсат алуға негіз болып табылады.

Сабақтарға дайындалуда курсанттарға әр тақырып бойынша сабақ жоспарларында ұсынылған монографиялық әдебиеттерді, заң актілерін конспектілеу, Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының Пленумының нормативті қаулыларын жүйелі түрде игеру ұсынылады.

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» пәнінің мазмұны қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қылмыстық қудалау органының алдында тұрған проблемалық мәселелер есебінде анықталған.

Сабақ барысында жүргізілетін процестік және тергеулік әрекеттердің мазмұны мен нәтижелері туралы ақпарат оқытушылардағы процестік құжаттардың макетінде орналасқан.

Тақырыпты игеру арнайы және салалық пәндердің теориялық жалпы заңдық білімдерін өзінің тәжірибелік қызметінде кешенді қолданудың дағдыларын алу және де нақты қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және тергеп-тексерудегі тәжірибелік дағдылары мен шеберліктері мақсат болып табылатын тәжірибелік сабақтармен аяқталады. Тәжірибелік сабақтар барысында курсанттар семинар сабақтары және сот-тергеулік тәжірибенің мысалдары барысында алынған теоретикалық білімдері есебінде проблемалық жағдайларды шешеді.

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» пәнін бойынша тәжірибелік сабақтарға дайындалуда курсанттар монографиялық және оқу әдебиеттерін, ғылыми жұмыстардың жинағын және т.б. өз бетімен зерделеуі қажет. Сұрақтар туындаған жағдайда кафедрадағы оқытушылардан сәйкес кеңестерді алу қажет.

Курсанттардың өзіндік жұмысы оқу үрдісінің құрамды бөлігі болып табылады және ішкі істер органдары үшін жоғары санаттағы мамандарды дайындауда үлкен маңызға ие болады, яғни өзіндік дайындық сағаттарында курсанттың дайындығының деңгейі толығымен үй тапсырмасына дайындалу және материалды меңгеруге байланысты болады. «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» пәнін игеру тек қана тәжірибелік және семинар сабақтарында ғана емес өзіндік дайындық сағаттарында да оқу орнын аяқтағаннан кейін әр түрлі лауазымдарда болып, олардың алдына қойған тапсырмаларын өз бетімен орындауға ең аз үйрену жағдайында қабілетті болашақ маманды қалыптастыруды аяқтау деп танылады.

Сабақ барысында курсанттар процестік құжаттар және анықтаушының іскерлік қағаздарын толтырудың дағдыларын алады, қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексерудің алғашқы дағдылары мен шеберліктерін иеленеді, сонда өзіндік дайындық сағаттарында курсанттар жағдайды сараптауды, мазмұны және түрі бойынша заң талаптарына жауап беретін тергеудің процестік құжаттарын құрастыру және өз бетімен шешім қабылдауды үйренеді. Сабақтарда ғана оқытушы курсанттардың сабаққа дайындығының деңгейін, өзіндік дайындық сағаттарында оқу тапсырмасын өз бетімен орындағанын және өткен материалды қаншалықты меңгергенін анықтайды.

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» пәнін бойынша курсанттың өзіндік жұмысының ерекшелігі—мейілінше маңызды тақырыптар бойынша оқыту жүргізіледі: анықтаудың жалпы мінездемесін; сотқа дейінгі тергеп-тексерудің және қылмыстық теріс қылықтардың басталуы туралы арыздарды тіркеу бойынша қылмыстық қудалау органының қызметі, жәбірленушінің процестік мәртебесін анықтау, жәбірленушіден жауап алу, күдіктіні анықтау бойынша қылмыстық

қудалау органының қызметі, күдіктімен жұмыс істеу, қылмыстық қудалау органымен тергеп-тексеру әрекеттерін жүргізу және ұйымдастыру, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің хаттамалық нысанда аяқталуы. Қылмыстық істің материалдарымен танысу.

Қарастырылған тақырыптар бойынша теоретикалық сипаттағы ақпараттарды кафедрадан оқулықтардың электронды нұсқаларын, монографияларды, оқу құралдарын, топтастырылған қылмыстық іс макеттерімен, процестік құжаттардың үлгілерін, Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының және ПМ нормативтік актілерін, Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының Нормативтік актілерін пайдалана отырып алуға болады.

3. ПӘН БОЙЫНША САБАҚ ӨТКІЗУДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ ПӘН БОЙЫНША САБАҚ ӨТКІЗУДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» пәні бойынша 2018-2019 оқу жылына
(5-семестр) 3 курс (2016 ж.а.) (ПО СДТТ мамандандыру) курсанттарына сабақ
өткізуге арналған
ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ
Кредиттер саны- 2_(90 сағат)

р/с	Тақырып	Тақырып атаулары	Аудиториялық сағаттар				КӨӨЖ		КӨЖ
			дәрістер	семинарлық сабақтар	практикалық сабақтар	аудитор.	Аудитор.тыс		
1.	1.	Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексерудің жалпы сипаттамасы	1		3	1	1	5	
2.	2.	Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеу және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау бойынша тергеушінің қызметі			2	1		5	
3.	3.	Жәбірленушінің мәртебесін анықтаудың, жәбірленушінің жауабын алуды ұйымдастыру мен жүргізудің процестік тәртібі			4	1	1	5	

4.	4.	Күдіктінің мәртебесін анықтау және күдіктіден жауап алуды ұйымдастыру бойынша тергеушінің қызметі			4	1	1	5
5.	5.	Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру барысында тергеу әрекеттерін ұйымдастыру және жүргізу	1		5	1	2	5
6.	6.	Күдіктінің іс-әрекетін саралауды анықтау кезеңіндегі тергеушінің қызметі			2	1		5
7.	7.	Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау және тергеу эксперименті өткізудегі тергеушінің қызметі			4	1	1	5
8.	8.	Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруде бұлтартпау шарасын қолданудың процестік тәртібі			2		1	5
9.	9.	Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруді аяқтау кезеңіндегі тергеушінің қызметі			2		1	5
		Барлығы	2		28	7	8	45

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ атындағы
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

«Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу» кафедрасы

2018-2019 оқу жылына (5семестр) «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» атты арнайы курс бойынша тергеу -криминалистикалық мамандықтағы 3 курс курсантарына арналған дәріс, семинар, тәжірибелік сабақтардың әдістемелік нұсқаулары

ҚАРАҒАНДЫ–2018

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» арнайы курсының тергеу-криминалистикалық мамандығы бойынша 3 курс курсантарына арналған дәріс, семинар және тәжірибелік сабақтардың әдістемелік нұсқаулары ҚСДТ кафедрасының доценті А.Т.Шакжанов

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» арнайы курсының тергеу-криминалистикалық мамандығы бойынша 3 курс курсанттарына арналған дәріс, семинар және

тәжірибелік сабақтардың әдістемелік нұсқаулары ҚСДТ кафедрасының мәжлісінде талқыланып, басып шығарылу үшін мақұлданды.

«_05_»__06__20_18_ж., №_21_хаттама

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу
кафедрасының бастығы, з.ғ.к.
полиция полковнигі

А.Қ. Қалиев

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» арнайы курсы оқып білуі бесінші алтыншы семестр бағытында қарастырылған. Оқу жылының барлық оқу жылдарына құрастырылған жоспарына сәйкес бір қылмыстық іс бойынша фабула қарастырылған.

5 семестірде тергеушінің қызметі және оның қылмыстық істі тергеп-тексерудегі әрекеті жөнінде және қылмыстық іс тергеу жүргізіліп айыптау актісін құрастыруымен аяқталады. Оқу жүргізу барысында курсанттар іс жүргізулік құжаттар және тергеушінің іскерлік қағаздар құрастыру дағдыларын шынықтырады. Оқулық қылмыстық іс макеттерін тапсыру, сынақ және емтиханға жіберу үшін негіз болып табылады.

Сабакқа дайындалу барысында курсанттарға жүйелік түрде оқу сабақ жоспарларында көрсетілген монографиялық әдебиеттерді зерттеу ұсынылады, сонымен қатар курсанттар заңнамалық актілерді, Қазақстан Республикасының Жоғары Соттың нормативтік қаулыларын конспектiлеу, сот-тергеулік тәжірибелікті жинақтау қажет.

Дәріс, семинар және тәжірибелік сабақтар өткізу арқылы «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» курсының оқытудың белгілі реті көрсетілген. Курсанттардың өздігінен дайындыққа тапсырмалар беріліп, нормативті актілер мен түп нұсқаларды оқып үйрену әдістемесі дайындалған. Дәрістерде қарастырылып отырған мәселенің өзектілері ғана талқылауға түсіп, кейбір сұрақтары тысқары қалғандықтан, осы тақырыпқа қатысты ғылыми әдебиеттерді жүйелі түрде өздігінен оқып үйрену елеулі орын алады.

Курсанттардың сабақтарға дайындалудың төмендегідей реті тиімдірек болып отыр:

1. Әрбір сабақ алдында негізгі құжаттардың бірі болып келетін «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» бағдарламасына сәйкес сұрақтарды мұқият қарастырып алған жөн. «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» бағдарламасы арқылы курсанттар сабақтарға қойылған сұрақтарымен, әрбір тақырыптың маңыздылығы және алатын орнымен өздігінен таныса алады.

2. Ұсынылған әдебиеттер мен дәріс конспектісі арқылы тақырыпты оқып біліп, ол үшін кейінгі жылдарда жарық көрген оқулықтармен бірге ертеректе шыққан әдебиеттермен танысқан дұрыс болады.

Конспектіні семинар және тәжірибелік сабақтарда ауызша жауап беру кезінде пайдалануға болмағандықтан, тыңдаушы сабақтың әрбір бақылау сұрағына жауап

қайтару жоспарын құрастырады. 5-6 пункттен тұратын жоспар жауап қайтару барысында жүйелі бағдар беріп, жария еткен мағлұматтардың дұрыстығын және өзара байланысын қадағалауға мүмкіндік береді.

Оқытушы ұйымдастырған курсанттардың өзіндік жұмысы келесідей дидактикалық тапсырмаларды шешуге бағытталуы тиіс:

-мамандық бойынша дағдылар мен жасай алуларды жетілдіру;

-өткен материалдарды қайталап, хабардар болу;

-алған білімдерін әрі қарай толықтырып кеңейту;

-әр курсанттың қызметті өзекті тануын қамтамасыз ету;

-ізденіс дағдыларын жетілдіру.

-берілген тақырыптың тапсырмалары бойынша қылмыстық іс құжаттарын толтыру.

КӨЖ тапсырмалары оқытушының қатысуынсыз және аудиториядан тыс орындалады. КӨЖ-ның негізгі міндеті семинар, тәжірибелік және дәріске дайындалу. Семинар, тәжірибелік сабақтарда тықырыптың негізгі сұрақтары қарастырылады. Семинар, тәжірибелік сабақ тақырыптарына байланысты әдістемелік кеңестерді мұқият талдап, семинар, тәжірибелік сабақтың тақырыптық жоспарының сұрақтарына жауаптарды өздері дайындайды. Әрбір сұраққа дайындалу барысында қысқаша әрі сызба жүзінде негізгі ережелер мен жауап тезистерін дайындап, анықтамаларды КӨЖ дәптеріне жазады. Дайындалып болғаннан кейін өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар көмегімен өз білімдерін тексереді. Өздері талдай алмаған сұрақтарды жазып алып, дәрісте немесе оқу үдерісінде оқытушыға қояды.

КӨЖ тапсырмалары дәріс, семинар, тәжірибелік сабаққа дейін орындалуы керек. Ал дәріс, семинар, тәжірибелік сабақтарда дербес алған білімдерін тереңдетіліп, кеңейтілуі керек.

Алайда семинар, тәжірибелік сабақтарда қарастырылатын сұрақтар көлемі тақырыптың толық мазмұнын қамтымайды. Сондықтан курсант өз білімін одан әрі тереңдету мен кеңейту бойынша жұмыс жасауы қажет. Бұл оқу үдерісінде жүзеге асырылады. Сондықтан оқу үдерісінде тақырып мазмұнын толық ашатын қосымша

сұрақтар мен тапсырмалар, жаттығулар қарастырылып, қылмыстық іске байланысты құжаттарды толтырып талдау жасалады.

КӨЖ формалары мен мазмұнын өңдеу

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» арнайы курстың ерекшеліктері КӨЖ формаларының кең жиынымен байланысты. Бұл мынандай формалар:

- Оқытушы берген дәріс конспектілерін талдау;
- Семинар, тәжірибелік сабаққа негізгі оқулық бойынша дәріс конспектісін дайындау;
- Белгілі тақырып бойынша реферат дайындау;
- Реферат, баяндамаларды өзара пікірлеу;
- Берілген тапсырма бойынша қылымыстық іс құжаттарын толтыру ;
- Аса жоғары күрделілігі бар есептерді шығару;
- Статистикалық мәліметтерді талдау;
- Топтық жобаға қатысу;
- Таңдалған тақырып бойынша презентация жасау;
- Глоссари жасау;
- Тақырып бойынша шолу жасау.

Жоғарыдағылардың кейбіреулерінің мазмұны мынаған байланысты:

Тақырып бойынша шолу жасау дегеніміз-басылым мен интернеттің ақпарат ресурстарын тартумен ұсынылатын тақырып бойынша жазбаша 1-2 шолу дегенді білдіреді.

Глоссарий-қазақ және орыс тілдерінде, мүмкін болса шет тілдеріне аудару арқылы терминдер мен түсініктерді қысқаша түсіндірмесі, ол берілген тақырып бойынша орындалады. Глосарий құру, әскери іс терминдік аппараты білімінің қалыптасуына және оны пайдалану дағдыларының өңделуіне ықпал етеді.

Реферат–КӨЖ-ның неғұрлым кеңейтілген формасы бола отырып, әдебиетке міндетті түрде шолу жасау арқылы белгілі тақырыптарға баяндама жасауды немесе ғылыми жұмыс, кітап мазмұнын баяндауды білдіреді. Рефератты өңдеу қызықты ғылыми жұмыс болып табылады. Осының нәтижесінде жұмысқа талдау жасау, пікір-талас жүргізу дағдысына ие болады.

Рефераттың рәсімделуіне қойылатын талаптар: Реферат 10-12 беттен тұрады, мұқабасы, міндетті түрде жоспары болуы тиіс.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар тәртіп бойынша, ерекше құрылымға ие, сондықтан жауаптар жиналған материалдарды талдау негізінде ғана берілуі керек.

Тәжірибелік сабақтарда әрбір курсантта міндетті түрде осындай материалдар болуы тиіс:

- Қылмыстық және қылмыстық-процестік кодекстің мәтіні;
- Жүргізіліп жатқан қылмыстық істің макеті;
- Анықтаушының анықтама кітапшасы, процессуалдық құжаттар үлгілері;
- Жұмыс дәптерлері, қалам, өшіргіш;
- Тиісті тақырып бойынша ұсынылған әдебиет.

Есептер мен сандық тапсырмаларды шығару, оларды орындаудың мақсаты тәрбиелік сұрақтарды шешуде теориялық білімдерді пайдалану дағдысы мен ептілігіне ие болу болып табылады.

Курсанттар тақырыпты таңдап, деңгейлер бойынша мақсаттарды белгілеу, барлық деңгейлердегі тапсырмалар мен жоспарларды анықтау ұсынылады. Презентация–курсант өзінің презентация үшін кез-келген тақырыпты таңдап, презентацияда қарастырылатын кез-келген аспектіні түсінуін не түсінбеуін білдіре алады; презентация тақырыптың неғұрлым ашылғаны және сырт көздерден қаншалықты қызығушылық тударғаны, сондай-ақ тыңдаушының қарастырылып отырған мәселені қаншалықты кәсіби деңгейде қарастыруы тұрғысынан бағаланады.

Оқудың нақты жағдайлары(кейстер)-курсанттарға сұрақтарға жауап беру немесе мәселеге қатысты өз көзқарастарын білдіру бойынша көптеген қарапайым да күрделі жағдайлар ұсынылады; неғұрлым дайындалған курсанттарға өз кейсін жазуға болады.

Іскерлік ойындар курсантта болашақта кәсіби іс-әрекеті үшін қажетті дағдыны өңдеуге көмектеседі, кейбір ойындар бойынша үйде дайындалып немесе кітапханада аяқтау қажет.

Топтық жоба (мысалы, кейбір жағдайды құру немесе шешу бойынша)топта 3-5 адамнан артық болмауы керек, әрбір топ өз жобасын өңдеуі керек.

Жеке жоба-неғұрлым дайындалған курсанттар өз қалауы бойынша орындайды; жұмыс тақырыптың әмбебаптылығымен, зерттеушілік сипатымен ерекшеленуі керек, жоба нәтижелері ғылыми конференцияда ұсынылуы мүмкін.

КӨЖ тиімді ұйымдастыруға қатысты курсантқа ұсыныстар

Өткен материалды қайталау. Өткен дәріс, семинар, тәжірибелік сабақтардың материалдарын қайталау, өзіндік жұмыстың неғұрлым маңызды түрі болып табылады. Материал неғұрлым терең де толығырақ өңделсе, соғұрлым өзіндік жұмыстың басқа түрлерін орындауда оңайырақ болады. Бірінші сабақтан бастап, өткен дәріс материалдарын түсіну мен тәжірибелік сабақтардың материалдарын шешу үшін қажетті жағдай болып табылады.

Материалдарды өңдеуге кірісе отырып, мыналарды жүзеге асыру керек:

- Жұмыс орнын анықтау;
- жұмыс жасау үшін кітапхана қызметтеріне жүгіну;
- дәріс конспектісіне ие болу;
- ұсынылатын әдебиетке ие болу (оқулық, есеп кітапшалары), қажет болған жағдайда материалдар мен құрал-жабдықтарға ие болу;
- дәрістің кейбір түсініксіз материалдарын тез арада естен кетіп қалмай тұрғанда қарастыру керек (кейінге қалдырмау қажет, өйткені дәрістің мазмұны ұмытылынып қалады);
- конспектілеу жұмысын жасағанда әдебиетке сілтеме жасағаны дұрыс(бұл емтиханға дайындалу кезінде қажет болады), кейбір толықтырулар енгізумен қатар дұрыстау үшін;
- тақырыппен жұмыс жасау, материалды толық түсіну мен есте сақтауға дейін жалғасуы керек;
- тақырыппен жұмыс жасау, оқулықтар мен оқу құралдарында келтірілген есептер мен мысалдарды талдаумен аяқталады;
- егер тақырыппен жұмыс жасаудан кейін түсініксіз сұрақтар болса онда оларды оқытушыға кезекті сабақ барысында қою керек.

Тапсырмаларды орындау әдістемесі

Бақылау жұмыстарына дайындық. Бақылау жұмысын өткізудің мақсаты болып: курсанттардың аралық үлгерімін тексеру; топтың дайындығын анықтау; білімі төмен курсанттарымен жұмыс жасау әдісін ұйымдастыру. Курсанттар бақылау жұмысына дайындалу үшін қажетті түрде: бақылау жұмысының тақырыбын білу; теориялық материалдарды қайталау, қарастырылатын тақырыптардың негізгі формулалары мен тапсырмаларды шешу әдістерін, оқулықтарда және тәжірибелік сабақтарда қарастырылған мысалдарды тағы да қарап шығу. Егер курсант өтілген материалдар бойынша бірінші дәрістен бастап жүйелі түрде дайындалып жүрсе, онда оған бақылау жұмысына дайындалуға көп уақыт қажет емес және қиын болмайды.

Жобаларды орындау. Жұмыстар мен жобаларды орындау барысында кафедра берген тапсырмалар мен қоса әдістемелік нұсқауларға сүйену қажет.

Тапсырмаларды орындау тәртібі:

- өзіндік жұмыс кестесінде бекітілген мерзімнен кешіктермей орындау;
- егер тапсырманы орындау барысында қиындық туса онда осыған сәйкес тақырыптарды қайталап, оны өңдеп, тапсырманы орындау;
- бұдан кейін де қиындық туса онда оқытушыға кеңеске келу;
- шешкен шешімге анализ жасау.

Тапсырма бекітілген мерзімнен кешіктірілмей қорғалуы тиіс. Егер уақытысында қорғалынбаса онда оны академиялық өтем-қарыз деп есептелінеді. Өзіндік жұмыс уақыты өте шектеулі, сондықтан өзіндік жұмыстағы оқуды тиянақты жоспарлау қажет, өзіндік жұмысқа дағдалануға ұмтылу, ұтымды жақтарын қолдану, оқи отырып жұмыс істеу және жұмыс күшінің сарқылмауы үшін уақытысында дем алу. Сондықтан әр кафедра мен оқытушының, курсанттың өзіндік жұмыс әдісін үйретуінде жауапкершілігі артады.

3. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

№ 1 тақырып. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексерудің жалпы сипаттамасы

Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруді қолданудың жалпы шарттары: жүргізу ерекшеліктері, мерзімдерді сақтау.

Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру кезінде тергеу бөлімі бастығының өкілеттігі.

№ 2 тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеу және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау бойынша тергеушінің қызметі.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу, сондайақ СДТТБТ жүргізу ережесі. Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу тәртібі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын өз өндірісіне қабылдаудың процестік тәртібі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын өз өндірісіне қабылдау туралы қаулының құрылымы. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы хабардар етудің процестік тәртібі.

Қылмыстар туралы арыздар мен хабарламалардың мазмұнына, жеткізу туралы баянатты құрастыруға қойылатын талаптар.СДТТБТ жүргізу және қалыптастыру тәртібі.

Арыздардың түрлері және олардың айырмашылығы. Сот ісін жүргізу тілін анықтау бойынша процестік тәртібі. Сот ісін жүргізу тілін ауыстыру туралы қаулының құрылымы.

№ 3 тақырып. Жәбірленушінің мәртебесін анықтаудың, жәбірленушінің жауабын алуды ұйымдастыру мен жүргізудің процестік тәртібі.

Жәбірленушінің мәртебесін анықтаудың процестік тәртібі. Тұлғаны жәбірленуші ретінде тану туралы қаулының мазмұны мен құрылымы.

Жәбірленушіден жауап алудың пәні. Жәбірленуші жауабының дәлелдемелік маңызы. Жәбірленушіден жауап алу ерекшеліктері.

Жәбірленушіні жауап алуға шақыру тәртібі. Жәбірленушіден жауап алу хаттамасының мазмұны. Хаттамада жауап алу нәтижелерін бекіту кезінде процестік нысанның ерекшеліктері.

№4 тақырып. Күдіктінің мәртебесін анықтау және күдіктіден жауап алуды ұйымдастыру бойынша тергеушінің қызметі

Күдіктінің мәртебесін анықтаудың процестік тәртібі. Күдікті ретінде тану туралы қаулының мазмұны мен құрылымы.

Күдіктіден жауап алудың жалпы шарттары. Күдіктіден жауап алу ерекшеліктері. Күдіктіден жауап алу ұзақтығы. Күдіктіден жауап алу жоспарын құрастыру тәртібі.

№ 5 тақырып. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру барысында тергеу әрекеттерін ұйымдастыру және жүргізу.

Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру кезінде тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы шарттары. Алу жүргізу үшін негіздер.Алу жүргізудің процестік тәртібі.Алу жүргізу кезінде тергеуші әрекетінің алгоритмі.

Заттай дәлелдемелерді қарап-тексерудің ерекшеліктері. Объектіні заттай дәлелдеме деп тану үшін негіздер. Объектіні заттай дәлелдеме ретінде танудың тәртібі. Заттай дәлелдемелерді сақтау тәсілін қамтамасыз етудің тәртібі.

Беттестіру жүргізудің процестік тәртібі. Беттестіру жүргізу хаттамасының құрылымы мен мазмұны.

Наркологиялық сараптама тағайындаудың процестік тәртібі. Күдіктіні сараптама тағайындау және қорытындымен таныстыру тәртібі.

№ 6 тақырып. Күдіктінің іс-әрекетін саралауды анықтау кезеңіндегі тергеушінің қызметі

Күдіктінің іс-әрекетінің саралануын айқындау үшін негіздердің жеткіліктілігін айқындау бойынша анықтаушының қызметі.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулының мазмұны мен құрылымы.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны шығару үшін негіздер. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулының құрылымы мен мазмұны.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны ұсыну кезіндегі анықтаушының дайындық жұмысы.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыға күдікті қол қоюдан бас тартқан жағдайда тергеушінің әрекеті.

№7 Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау және тергеу эксперименті өткізудегі тергеушінің қызметі

Тергеу экспериментін өткізу мақсаты. Тергеу экспериментінің түрлері. Тергеу экспериментін өткізудің тактикалық жағдайы Тергеу экспериментінің түсінігін ашу. Тергеу экспериментін өткізуге қатысатын тұлғалар. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың түсінігі. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың мақсаты. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау неден басталатындығы. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылауда қандай процестік құжат толтыру. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылауды өткізу тактикасы

№ 8 тақырып. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруде бұлтартпау шараларын қолданудың процестік тәртібі

ҚР ҚПК көзделген бұлтартпау шараларының түрлері және жалпы сипаттамасы. Бұлтартпау шараларының өзгеде мәжбүрлеу шараларынан айырмашылығы. Бұлтартпау шараларын саралау.

Бас бостандығын айырумен байланысты бұлтартпау шараларының өзге де бұлтартпау шараларынан айырмашылығы. Бұлтартпау шарасын таңдау кезінде ескерілетін мән-жайлар.

Бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулының процестік тәртібі, нысаны және мазмұны.

№ 9 тақырып. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруді аяқтау кезеңіндегі тергеушінің қызметі

Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексерудің аяқталуының процестік тәртібі. Қылмыстық істің материалдарымен қылмыстық процеске қатысушыларды таныстыру.

Қылмыстық істің материалдарымен танысу нәтижесінде мәлімделген өтінішхаттарды шешу бойынша анықтаушының қызметі.

Қылмыстық істің материалдарымен таныстыруға шақыру және таныстырудың процестік тәртібі.

Айыптау актісін құрастыру ерекшеліктері. Айыптау актісін құрастыру тәсілдері. Айыптау актісінің мағынасы. Айыптау актісінің құрылымы, заңмен көзделген айыптау актісіне қосымшалар.

Қылмыстық іс бойынша тергеп-тексерудің аяқталу кезеңінде қойылатын статистикалық карталар. Аяқталған қылмыстық істі прокурорға жолдау.

ЕСЕПТЕРДІҢ ЖОСПАРЫ

№ 3 сабақ

1 жаттығу:

Кіріспе ақпарат:

2017 жылғы 10 қыркүйекте сағат 15.00-де Қарағанды қ. ПБ Орталық ПБ кезекші бөліміне аз. И.Д.Пархоменко арызданып, өзінің арызында 10.01.2017 жылы сағат 14.30 шамасында 10.11.1981 ж.т. Бородин Денис Павлович, Қарағанды қ. Бульвар Мира 3 мекенжайында орналасқан тұрғын үйдің ауласында бола тұра, кенеттен пайда болған ұрыс барысында 25.02.1982 ж.т. аз. Пархоменко Иван Дмитриевичтің бетінің тұсынан жұдырықпен екі рет соққы жасаған, осыдан кейін аз. И.Д.Пархоменкоға тиесілі м/н М 876 MNM, ақ түсті «ВАЗ-2115» маркалы автокөлігіне отырып белгісіз бағытқа кетіп қалған.

Сол себептен тергеуші жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды қабылдау жөнінде шешім қабылдады.

Процестік әрекеттер барысында өзінде бар ақпараттарды ескере отырып тергеуші сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын өзінің іс жүргізуіне қабылдау туралы және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы хабардар ету туралы шешім қабылдады.

Тапсырма:

2. Жәбірленуші аз. И.Д.Пархоменкодан жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды қабылдаудың еліктеуін жүргізіңіздер.

3. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге жол бермеу туралы қолхат алудың еліктеуін жүргізіңіздер.

4. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын өзінің іс жүргізуіне қабылдау туралы қаулыны құрастырыңыздар.

5. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы хабардар етуді құрастырыңыздар.

№ 4 сабақ

Жаттығу:

Өзінде бар ақпараттарды ескере отырып тергеуші сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын өзінің іс жүргізуіне қабылдау туралы шешім қабылдағаннан кейін, қылмыстық сот ісін жүргізу тілін анықтау бойынша шаралар қабылдады.

Тапсырма:

1. Сот ісін жүргізу тілін анықтау туралы қаулы құрастырыңыздар.
2. Жәбірленуші деп тану туралы қаулы құрастырыңыздар.

№ 5 сабақ

Жаттығу:

Алынған ақпараттарды ескере отырып тергеуші И.Д.Пархоменкодан жәбірленуші ретінде жауап алу туралы, және де оны сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге жол бермеуін ескерту туралы шешім қабылдады.

Тапсырма:

3. И.Д.Пархоменкодан жәбірленуші ретінде жауап алу еліктеуін жүргізіңіздер.
4. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге жол бермеу туралы И.Д.Пархоменконың қолхатын құрастырыңыздар.

№ 6 сабақ

Жаттығу:

Д.П.Бородинды күдікті мәртебесімен қамтамасыз еткен соң, тергеуші тергеу әрекеттерін ұйымдастыру және одан жауап алу жоспарын құрастыру бойынша дайындық әрекеттерін жүргізуге кірісті.

Тапсырма:

1. Алынған мәліметтер негізінде, күдіктіден жауап алу жоспарын дайындаңдар, сол мақсатта ұсынылған үлгі бойынша кестені толтырыңыздар:

Анықталған мән-жайлар	Нақтылауды талап ететін мән-жайлар	Жауаптың мақсаты

Күдіктінің болжамдарын тексеру:

Болжамдар	Д.Б. Бородин көлік айдап кетуге қатыстылығы жоқ	Д.Б. Бородин көлік айдап кетуге қатыстылығы бар

2. Жауап алу орны, қатысушылардың құрамын және бекітетін қосымша құралдарды анықтаңыздар.

№ 7 сабақ

Жаттығу:

Кіріспе: Тергеуші қажетті дайындық әрекеттерін өткізгеннен кейін Д.Б.Бородиннан жауап алуды жүргізуге кірісті.

Тапсырма:

1. Күдіктіден жауап алу еліктеуін жүргізіңіздер (*Косымианы қара*)
2. Тиісті құжатты толтырыңыздар.

№ 8 сабақ

1 жаттығу:

Тергеуші алынған ақпараттарды ескере отырып қарап-тексеру жүргізу үшін оқиға орнына шықты.

Тапсырма:

1. Оқиға орнын қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыздар.
2. Оқиға орнын қарап-тексеру хаттамасына сұлбаны құрастырыңыздар.

2 жаттығу:

Тергеуші алынған ақпараттарды ескере отырып жәбірленуші И.Д.Пархоменкодан нәрселер мен құжаттарды алудың процестік рәсімдеуіне, оларды қарап-тексеруге және дәлелдеме ретінде қоса тіркеуге кірісті.

Тапсырма:

1. Нәрселер мен құжаттарды беру хаттамасын құрастырыңыздар.
2. Нәрселер мен құжаттарды қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыздар.
3. Заттай дәлелдеме ретінде тану және оны іске қоса тіркеу туралы қаулы құрастырыңыздар.

№ 9 сабақ

1 жаттығу:

Тергеуші қажетті тергеу әрекеттерін жүргізгеннен кейін, И.Д.Пархоменкоға қатысты сот-дәрігерлік сараптама тағайындау туралы шешім қабылдады.

Тапсырма:

1. Тергеуші шешімінің заңдылығын түсіндіріңіз және қажетті тергеу әрекетін анықтаңыз.
2. Сарапшының шешуіне қойылатын сұрақтарды жүйелеңіз және тиісті процестік құжатты құрастырыңыз.
3. Жәбірленуші мен күдіктіге сот-дәрігерлік сараптама тағайындалғаны туралы хабарлап, оның қорытындысымен таныстырыңыз және тиісті процестік құжаттарды құрастыру еліктеуін жүргізіңіз.

2 жаттығу:

Тергеуші алынған ақпараттарды ескеріп И.Д.Пархоменкоға тиесілі автокөлікке қарап-тексеру жүргізу туралы шешім қабылдады.

Тапсырма:

1. И.Д.Пархоменкоға тиесілі автокөлікке қарап-тексеру еліктеуін жүргізіңіз.

2. Техникалық құралды қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыз. (Фототаблица)
3. Заттай дәлелдеме ретінде тану және оны іске қоса тіркеу туралы қаулыны құрастырыңыз.
4. Сақтау қолхатын құрастырыңыз.

№ 10 сабақ

Жаттығу:

Тергеп-тексеру барысында жәбірленуші И.Д. Пархоменконың айғақтарынан және жүргізілген ЖШШ, Д.П.Бородинмен жасалған құқық бұзушылықтың куәлары Қарағанды қ. Бульвар Мира 3 үй, 28 пәтер тұрғыны 1951 ж.т. Яковлева Нина Александровна мен Қарағанды қ. Бульвар Мира 52 үй, 15 пәтер тұрғыны 1976 ж.т. Яковлев Павел Андреевич анықталды

Осыған байланысты, тергеуші Н.А.Яковлева мен П.А.Яковлевтен жауап алуға дайындалуға кірісті.

Тапсырма:

3. Куә Н.А.Яковлева мен П.А.Яковлевтан жауап алу жоспарын құрастырыңыздар, сол мақсатта ұсынылған үлгі бойынша кестені толтырыңыздар:

Анықталған мән-жайлар	Нақтылауға жататын мән-жайлар.	Жауап алудың мақсаты

4. Н.А.Яковлева мен П.А.Яковлевтан жауап алу еліктеуін жүргізіңіз.
5. Куә Н.А.Яковлева мен П.А.Яковлевтан жауап алу хаттамаларын құрастырыңыз.

№ 11 сабақ

Жаттығу:

Тергеуші қажетті процестік әрекеттерді жүргізгеннен кейін, күдікті Д.П.Бородинның іс-әрекетін саралау кезеңіне дайындалу және оны шақыру туралы шешім қабылдады.

Тапсырма:

1. Күдіктінің іс-әрекетін саралау бойынша жоспар құрастырыңыздар.
2. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жариялау үшін шақыру қағазын құрастырыңыздар.

№ 12 сабақ

Жаттығу:

Тергеуші қажетті процестік әрекеттерді жүргізгеннен кейін, күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы шешім қабылдап сол мақсатта күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны құрастыруға кірісті.

Тапсырма:

1. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны құрастырыңыз.

№ 13 сабақ

Жаттығу:

Тергеуші күдікті Д.П.Бородинның іс-әрекетін саралауды айқындап, соңғыға ешқайда кетпеу және тиісті-мінез құлқы туралы қолхат түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы шешім қабылдады.

Тапсырма:

1. Күдікті Д.П.Бородинге қатысты бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулыны құрастырыңыз.
2. Ешқайда кетпеу және тиісті-мінез құлқы туралы қолхатты құрастырыңыз.

№ 14 сабақ

1 жаттығу

1. Тергеуші қылмыстық істің материалдарымен танысатын қатысушыларды шақырып, жәбірленуші И.Д.Пархоменконы қылмыстық істің материалдарымен таныстыруға кірісті.

Тапсырма:

1. Тергеу әрекеттерін жүргізудің аяқталғаны туралы хабарламаны жәбірленушіге жолдаңыз.
2. Жәбірленушінің өтінішхатының болмауын ескере отырып, оны қылмыстық істің материалдарымен таныстыру еліктеуін жүргізіңіз.

2 жаттығу

1. Тергеу әрекеттерін жүргізудің аяқталғаны туралы жазбаша хабарламаны күдіктіге жолдаңыз.
2. Жәбірленушіні қылмыстық істің материалдарымен таныстырғаннан кейін, тергеуші қылмыстық істің материалдарымен күдікті Д.П.Бородинды таныстыруға кірісті.

Тапсырма:

1. Тергеу әрекеттерін жүргізудің аяқталғаны туралы жазбаша хабарламаны күдіктіге жолдаңыз.
2. Д.П.Бородин мен оның қорғаушысынан өтінішхаттың болмауын ескере отырып, қылмыстық істің материалдарымен таныстыру еліктеуін жүргізіңіз.
3. Тиісті құжаттарды құрастырыңыздар.

№ 15 сабақ

1 жаттығу.

Тергеуші қатысушыларды қылмыстық істің материалдарымен таныстырып, айыптау актісін құрастыруға дайындалуға кірісті.

Тапсырма:

1. Айыптау актісі қанша бөліктерден тұратынын анықтаңыздар және айыптау актісін құрастыру кезінде жіберілген кемшіліктерге қысқаша сипаттама беріңіздер.

Д.П.Бородинды күдіктеу бойынша қылмыстық іске тиімді айыптау актісін құрастырудың қажетті тәсілін анықтаңыздар.

2. Айыптау актісінің құрылымын анықтаңыздар.

3. Айыптау актісіне қосымшалардың тізімін анықтаңыздар.

2 жаттығу.

Тергеуші дайындық әрекеттерін өткізгеннен кейін айыптау актісін құрастыруға кірісті.

Тапсырма:

1. Дәлелдемелік базаға талдау жүргізіңіздер және айыптау актісінің сипаттау-уәждеу бөлігінің сөйлемін құрастырыңыздар.

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» арнайы пәні бойынша Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалау

№ 1 Билет

Сұрақтар:

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?
2. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің мерзімі қандай (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

Тапсырма:

2018 жылғы 10 қыркүйекте сағат 15.00-де Қарағанды қ. ПБ Орталық ПБ кезекші бөліміне аз. И.Д.Пархоменко арызданды, ол арызында 10.01.2017 жылы сағат 14.30 шамасында «Школьник» аялмасында танысы Бородин Денис Павловичпен, сөзге келіспей қалып, Денис оның бетінің тұсынан жұдырықпен екі рет соққы жасаған, сонын салдарынан оған дене жарақатын келтірген.

Сол себептен тергеуші жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды қабылдау жөнінде шешім қабылдады.

1. Болған жағдайды бағалаңыз.
2. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды құрастырындар.

3. Сот-медициналық сараптамасының сарапшысына қойылатын сұрақтарды атаныз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.
Хаттама № __18__, 2018 жылғы «_24_» сәуір

№ 2 Билет

Сұрақтар:

1. Қылмыс жасаған күдікті ретінде ұсталған тұлғаға қай сәттен бастап қорғаушы алуға құқығы пайда болады (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

2. Сотқа дейінгі тергеп тексеруді басталу себептері (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

Тапсырма:

17.02.2018 жылы сағат 09.00 шамасында Қарағанды қаласы ІІБ Орталық ІІБ кезекші бөліміне, Қарағанды қаласының Б.Жырау даңғылы 15 үй, 10 пәтер тұрғыны, 1974 жылы туған аз.Ж.Н.Сардаров арызданды. Ол өз арызында, сол күні 07.30-да үйіні келген уақытта пәтерінің есігінің құлпы бұзылғандығын және үйінен құны 100000 теңге тұратын «Самсунг» маркалы теледидары ұрлағандығын көрсетті. ЖІШ нәтижесі бойынша күдікті ретінде Қарағанды қаласы, Ержанов көшесі 63 үй 20 пәтер тұрғыны, бұрын сотталған 1981 ж.т., Д. П Бородин ұсталынды.

1. Жағдайды бағалаңыз.

2. Д. П Бородинға қатысты күдікті ретінде ұстап алу туралы хаттаманың құрылымын атаныз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.
Хаттама № __18__, 2018 жылғы «_24_» сәуір

№ 3 Билет

Сұрақтар:

1. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру дегеніміз не (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

2. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру өндірісінің басталу ерекшеліктері қандай?

Тапсырма:

17.02.2018 жылы сағат 09.00 шамасында Қарағанды қаласы ІІБ Орталық ІІБ кезекші бөліміне, Қарағанды қаласының Б.Жырау даңғылы 15 үй, 10 пәтер тұрғыны,

1974 жылы туған аз.Ж.Н.Сардаров арызданды. Ол өз арызында, сол күні 07.30-да үйіні келген уақытта пәтерінің есігінің құлпы бұзылғандығын және үйініен құны 100000 теңге тұратын «Самсунг» маркалы теледидары ұрлағандығын көрсетті. ЖШП нәтижесі бойынша күдікті ретінде Қарағанды қаласы, Ержанов көшесі 65 үй 24 пәтер тұрғыны, 1988 жылы туған бұрын сотталған С.П.Николев ұсталынды.

1. Жағыдайды бағалаңыз.

2.С.П.Николевқа қатысты күдікті ретінде ұстау туралы хаттаманың құрылымын атаныз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.

Хаттама № __18__, 2018 жылғы «_24_» сәуір

№ 4 Билет

Сұрақтар:

1.Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға, нені анықтау керек?

2.Қандай жағдайда сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру қолданылмайды (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

Тапсырма:

Қарағанды қаласы ІІБ Орталық ІІБ аға тергеушісі Шойбековтың өндірісінде қарақшылық фактісі бойынша №181205249991113 қылмыстық істе тергеуде. Осы қылмыстық істі тергеу барысында Саран қаласының тұрғындары Нургазин және Романов жасағандары анықталды, оларға қатысты Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданның тергеу судьясымен «Күзетпен ұстау» түрінде бұлтартпау шарасына санкция берді.

1. Ахуалды бағалаңыз.

2. Тергеуші жағдайға байланысты қандай әрекеттерді орындауы қажет?

3. Қажетті құжатты құрастырыңыз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.

Хаттама № __18__, 2018 жылғы «_24_» сәуір

№ 5 Билет

Сұрақтар:

1. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексерудің аяқталу мерзімі қандай (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

2.Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында сараптаманы міндетті түрде тағайындау түрлері қандай (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

Тапсырма:

12.05.2018 жылы Қарағанды қаласы ІБ Михайловск ІБ азаматша М.Н.Ахметовадан арыз түскен. Өз арызында 2017 жылдың 12 мамыр күні сағат 20-00 шамасында Қарағанды қаласы Ермеков көшесі 58 үй 55 пәтерде өзінің күйеуі К.И.Ахметов соққыға жыққандығын көрсеткен.

Осы соққының салдарынан М.Н.Ахметова «төменгі жақ сүйегінің сынуы» түріндегі дене жарақатын алған. М.Н.Ахметова ауруханадан емделіп шыққанан кейін, анықтаушы ауруханадан М.Н.Ахметованың ауру тарихын сұратып алып сот-дәрігерлік сараптама тағайындау туралы шешім қабылдады.

1. Ахуалды бағалаңыз.
2. Сот-дәрігерлік сараптама тағайындау туралы қаулы құрыңыз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.
Хаттама № __18__, 2018 жылғы «_24_» сәуір

№ 6 Билет

Сұрақтар:

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын өзінің іс жүргізуіне қабылдаудың процестік тәртібі қандай?
2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде қауіпсіздік шарасы қашан тоқтатылады?

Тапсырма:

Тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші Хақимға қатысты жасалған қарақшылық қылмыстық құқық бұзушылық бойынша күдікті Билялов пен Ореховқа қатысты қылмыстық істі жеделдетілген тәртіппен сотқа жіберуді тапсырды. Алайда тергеуші уақыттың жетіспеушілігіне байланысты істі жеделдетілген тәртіппен жолдауға қарсылық білдірді.

1. Тергеуші тапсырманы орындауға міндетті ме? Тергеушінің құқықтары қандай?
2. Жеделдетілген тәртіппен іс жүргізудің тәртібі қандай?

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.
Хаттама № __18__, 2018 жылғы «_24_» сәуір

№ 7 Билет

Сұрақтар:

1. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруді жүргізуді болғызбайтын мән жайлардың неше түрі бар(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде бұлтартпау шараларының түрлерін атаныз(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

Тапсырма:

12.05.2018 жылы Қарағанды қаласы ІІБ Михайлов ІІБ-нің кезекші бөліміне хабарлама түсті. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында С.Каримов өзінің гаражында тұрған 909 МЕМ09 нөмірлі ВАЗ-21099 автокөлігін белгісіз біреулер айдап кеткендігін хабарлады. Содан ЖІШ барысында аталмыш көлік Гоголь-Б.Мира қиылысында тоқтатылды, жүргізушісі жәбірленушінің кәмелеттік жасқа толмаған ұлы екендігі анықталды.

1. Ахуалды бағалаңыз.
2. Тергеушінің әрекетін анықтаныз.
3. Шешімнің процессуалдық құжатын құрастырыңыз

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.
Хаттама № __18__, 2018 жылғы «_24_» сәуір

№ 8 Билет

Сұрақтар:

1. Анықтау органының қызметкері оқиға болған жерді қарап-тексеру жүргізуге құқығы бар ма?

2. Қандай жағдайда жәбірленуші деп танылады (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

?

Тапсырма:

18.02.2017 жылы Қарағанды қаласы ІІБ Оңтүстік -Шығыс ІІБ кезекші бөліміне азамат М.Маханов арызданды. Өз арызында 2017 жылдың 18 ақпан күні сағат 10.00 шамасында Қарағанды қаласы Ермеков көшесі 58 үйдін маңында тұрған оның «Ауди» маркалы автокөлігінің терезесін сындырып, ішінен құны 20000 теңге тұратын «Сони» маркалы магнитоласын ұрлап кеткендігі анықталды.

1. Ахуалды бағалаңыз.
2. Қарап-тексеру хатамасының кіріспесін құрастырыңыз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.
Хаттама № __18__, 2018 жылғы «_24_» сәуір

№ 9 Билет

Сұрақтар:

1. Күдіктіден түнгі уақытта жауап алуға бола ма(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

2. Сотқа дейінгі тергеп тексеру бойынша жеке тапсырма беруге кім құқылы?

Тапсырма:

12.05.2018 жылы Қарағанды қаласы ІБ Михайловск ІБ азаматша М.Н.Ахметовадан арыз түскен. Өз арызында 2018 жылдың 12 мамыр күні сағат 20-00 шамасында Қарағанды қаласы Ермеков көшесі 58 үй 55 пәтерде өзінің күйеуі соққыға жыққандығын көрсеткен.

ҚР ҚПК 34-бабына сәйкес: " Қылмыстық қудалау органы қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін орындау мақсатында қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін тапқан әрбір жағдайда өз құзыреті шегінде қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасын белгілеу, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеу, оларды жазалау үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға, сол сияқты кінәсіз адамды ақтау үшін шаралар қолдануға міндетті." Сондықтан, осы сатыда, анықтама сотқа дейінгі тергеп тексеру органдары, прокуратура және сот органдары:

1. Қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін орындау мақсатында қылмыстық ізге түсу органы өз құзыреті шегінде қылмыстың белгілерін тапқан әрбір жағдайда қылмыс оқиғасын белгілеуге, қылмыс жасауға кінәлі адамдарды анықтауға, оларды жазалауға заңмен көзделген барлық шараларды қолдануға, сонымен бірдей кінәсіз адамдарды ақтау шараларын қолдануға міндетті.

2. Қылмыстық қудалау органы жәбірленушінің сот төрелігіне қол жеткізуін қамтамасыз ету және қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеткізу үшін шаралар қолдануға міндетті.

3. Қылмыстық қудалау органы қылмыстық процестегі өзінің өкілеттіктерін қандай да болсын органдар мен лауазымды адамдарға тәуелсіз және осы Кодекстің талаптарына қатаң сәйкес түрде жүзеге асырады.

4. Қылмыстық іс бойынша объективті тергеп-тексеру жүргізуге кедергі келтіру мақсатында қылмыстық қудалау органына қандай да бір нысанда ықпал ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

5. Қылмыстық қудалау органының заңға сәйкес қойған талаптары барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті және олар белгілеген мерзімде, бірақ үш тәуліктен кешіктірілмей орындалуға тиіс. Күдіктіні ұстап алу, күзетпен ұстау туралы шешім қабылдау қажет болған жағдайда, қылмыстық қудалау органының талабы жиырма

төрт сағат ішінде орындалуға тиіс. Көрсетілген талаптарды дәлелді себептерсіз орындамау заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Осылайша бұл сатының мазмұны анықталады. Бұл сатыда анықтама органы, тергеу органы, прокурор және сот жасаған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы хабарды алған соң қылмыстық іс бойынша өндіріс шын қажетті шарттардың болуын анықтайды да, өндірісті бастау шешімін қабылдайды, егер қажетті шарттар бойынша болмаса сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеру тізіміне тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеру тізіміне тіркеу арқылы анықтама, тергеу органдары, прокурор және сот өздеріне белгісіз болып тұрған оқиғаларға қылмыс ретінде қарап, оны ашу қажеттігін қарайды, ал оны жасаған адам әшкереленіп, оның сотталуына, жазалануын қамтамасыз етеді.

Жасалған қылмыс бойынша бірде-бір қылмыс ашылмай қалмауы керек және бірде-бір айыпты жауапкершіліктен кетпеу керек. Сондай-ақ қылмыстық жауапкершілікке азаматтарды заңсыз және негізсіз тарту оқиғалары орын алмауы керек.

Заңның бұл талаптарын қатаң сақтау сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу және оны сотқа тапсыру мәселесін шешуде әрбір жасалған қылмыста сот әділдігінің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруда кепілдік береді.

Қылмыстық істің дер кезінде тез қозғалуы істі тиімді тергеу мүмкіндігін туғызады. Керісінше қылмыс жасалғаннан кейін кеш қозғалған істі тергеу қиынға түседі. Кейбір жағдайда бұл іс нәтижесіз болуы мүмкін. Әрбір жасалған және жауапқа тартылатын қылмыс бойынша тез арада сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу қажеттігінің мәні осында. Қылмыстық іс неғұрлым тез қозғалып тергеу басталса соғұрлым ол нәтижелі болады.

Жалпылама істер бойынша прокурор, тергеуші, анықтама органы, судья істелген немесе әзірленіп жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарламалардың барлығын, соның ішінде өздерінің қарауында жатпайтындарын да қабылдауға міндетті. Қылмыстар туралы арызда немесе хабарламаны қабылдап, олар онда көрсетілген мән-жайларды 1 тәулік ішінде, тексеріліп тиісті шешім қабылдануы қажет, тексеру қажетті материалдар мен құжаттарды сұрату, былайша айтқанда төмендегі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу

2) арызды, хабарды тергеу ретімен, ал жеке айыптау істері бойынша - сот ретімен беру туралы

4) сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу осы Кодекстің 190 бабында көзделген тәртібімен жүзеге асыру туралы (ҚР ҚПК - 181 бап) –деп көрсетілген. Бұл сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу және істі өз өндірісіне қабылдау туралы қаулы сотқа дейінгі тергеп тексерудің мәнін анықтайды.

Сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу барысында қандай қылмыс іс жүргізудің басқа да өзіндік сатылары тәрізді қылмыстық сот ісін жүргізудің жалпы міндеттерінен туындайтын өзіндік нақты міндеттеріне ие. Бұл міндеттер қылмыс жөніндегі алғашқы материалдарды қабылдау, қарау ол қажетті жағдайларда керекті хабарлар мен сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу үшін заңды және жеткілікті негіздерді бекіту мақсатында толықтырулармен сипатталады. Жеделдетілген іс жүргізудің қылмыс туралы негіздің барын дәлелдей отырып

тексеру және тиісті қаулы шығару қылмыстық процестің осы сатысының міндеттері болып табылады.

Сонымен қатар, сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу барысында шешілетін міндеттердің маңыздылығы оның қоғамдық саяси және заңдылық (құқықтық) мәнін анықтайды.

Зерттелетін сатының қоғамдық саяси мәні қылмыстық істі заңды түрде және дер кезінде сотқа дейінгі тергеп тексеру жүргізу мемлекет мүддесін қылмыстық қолсұғушылықтан, сонымен қатар құқық бұзушылықтан және азаматтар мен олардың ұйымдарының заңды мүдделерін қорғайтын маңызды құрал болып табылатындығында. Ол қоғамдық және мемлекеттік құрылыстар, мемлекеттік меншікті азаматтардың саяси еңбек жайының және мүліктік құқығын қорғауға бағытталған.

Барлық процесс сияқты, қылмыстық істі жеделдетілген тәртіппен жүргізу сатысы да демократизм, заңдылық негізінде құралады және негізсіз, заңсыз түрде сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеудың және азаматтардың қылмыстық жауапқа тартудан кепілдендіреді.

Сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу сатысының қылмыстық іс процессуалдық мәні тиісті орындардан жауап алу, зат алу және басқа тергеу қимылдарын тек қылмыстық іс бойынша тиісті шешім қабылданған соң ғана жүргізе алатындығында. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу сөз не сотқа дейінгі тергеп тексеру не сотта іс қарау жүргізілмейді. Ерекшелік ретінде кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда оқиға болған жерді қарау сияқты тергеу қимылы сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеуда дейін жүргізуге болады. Бұл жағдайда оқиға болған жерді қарап шыққаннан кейін тез арада, жеделдетілген немесе жалпылама тәртіппен бірінғай тергеп тексеру китәбына тіркеледі.

Жалпалама істер бойынша сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу сатысының заңдық мәні бір жағынан қылмыстық белгілері жоқ немесе іс жүзінде мүдделі орын алмаған фактіні тергеуді болдырмауды қамтамасыз ету талап етілетіндігін де. Өзінше сүзгі болып қызмет ететін процестің бұл сатысы әр нақты жағдайда қылмыстық әрекеттермен күрес жөніндегі тиісті мемлекеттік орындарының назары мен күш салуын жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, ол қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтырмайтын немесе қылмыстық жазалау шараларын талап етпейтінінің бәрін қылмыстық істерді сотта жүргізу саласынан дер кезінде шығарып тастауға қызмет етеді. Ал сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу сатысы қылмыстық процестің өз алдында бір сатысы болып табылатындықтан, анықтау және сотқа дейінгі тергеп тексеру сатысының процестік қатынасынан басқа ерекше процессуалдық қатынас туындамайды.

Қылмыс туралы мәлімдеген адам немесе мекеме осы өтініш берілген орын арасындағы процессуалдық қатынас мынадай: анықтама органы, тергеуші, прокурор, сот қылмыс туралы өтінішті немесе хабарды қабылдап алуға, сол қылмыс бойынша сәйкес шешім қабылдауға және ол туралы өтініш жасаушыға хабарлауға міндетті, сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүргізбеген немесе бас тартқан жағдайда ол бас тартуға шағым жасауға құқылы.

Сонымен сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу және қылмыстық істі өз өндірісіне ала отырып іс жүргізу барысында анықтама немесе сотқа дейінгі тергеп тексеру органдары мен прокурор арасында белгілі бір процестік қатынас орнайды. Қылмыстық процестің бастапқы сатысында қылмыстық іс белгілі бір адамға қатысты емес, керісінше сол фактінің қылмыстық оқиғаның өзіне қатысты сотқа дейінгі тергеп тексеру жүзеге асырылады. Сотқа дейінгі тергеп тексеру жүргізілгенде қылмыстық жауапкершілікке тартылатын адам әдетте белгісіз болады, оның жабылуы және әшкереленуі анықтау және сотқа дейінгі тергеп тексеру негізінде белгілі болады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасын және құқықтық институттың жалпы белгілерін (жеткілікті түрде дербестігі, мақсаттарының арнайылығы, құқықтық қанытастарды реттеу мәселелері және әдістері, заңда арнайы нормаларының болуы) талдау негізінде сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеудан бас тартуды қылмыстық процестік құқықтық институты ретінде қарастыруға болады. Бұл қорытындының қосымша негізі ретінде сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеудан бас тарту туралы шешімдердің сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу туралы қабылданған шешімдерге қарағанда көп болуын айтуға болады.

Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеуға қарасты мәселелені шешуде прокуратура, сот сотқа дейінгі тергеп тексеру жүргізу және анықтама органдары, лауазымды адамдарды қылмыстық процестің заңдылық ашықтық және шапшаңдық сияқты маңызды талаптарына сүйенеді. Іс жүргізудің бірінші сатысында қолданбалы заңдылық қағидасы қылмыс істі қозғау немесе бұдан бас тарту бойынша барлық шет заңға негізделеді, соған дәл сәйкес ету қажет.

Іс жүргізудің алғашқы сатысында шапшаңдық қылмыс туралы алғашқы мәліметтердің шешуін барынша айқындық көрсету қажет екендігін білдіреді. Бұл өзінің нақты бейнесін сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу туралы мәселені шешу байланыстырылған мерзімдерде болатын Заң белгіленген мерзімде сақтау қылмыспен қарсы күрестің шарттарының бірі болып табылады. Қылмыстық іс неғұрлым тез қаралса, қылмысты толық ашу үшін қажетті дәлелдер соғұрлым шапшаң бекітіледі. Бірақ шапшаңдықты асығыстықпен шатастыруға болмайды. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу туралы мәселені шешкендегі асығыстық пен негізсіз процессуалдық шешімдерді қабылдау заңдылықтың бұзылуына және кейбір азаматтардың құқығына қосымшалық жасауға әкеліп соқтырады. Сондықтан, қылмыстық-іс жүргізу қызметінің іске асыруы қылмыстық сот өндіріс кеңістігіне тартылған және заңмен сәйкес негізделген процессуалдық шешімдерді дұрыс қабылдау қажет. Ол жиналатын дәлелдемелер мен айғақ заттар тергеу барысында процессуалдық күзіреті мен міндеттері бар әртүрлі қатысушылардың арасындағы әрекеттесу арқылы өткізіледі. Олардың алдында тұрған міндеттері азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында және әділдікті айқындап қылмысты әшкерелеуде процессуалдық қарым қатынас орнату болып табылады.

Осы қатысушылардың арасында бастаушы рөлі сот алдындағы қызметін жүргізуге құқысы бар органдарға және лауазымдық тұлғаға жатады, солардың арасында ерекше орын тергеуші алып отыр. Ол арнайы мемлекеттің өкілеті болып,

қылмыстық істер бойынша өндіріс жүргізіп, қылмыс іс бойынша шешімдер қабылдайды. Қылмыстық-процестік заңында қылмыстық қудалау органдарға прокурорды, тергеушіні, анықтама органды және анықтаушыны апарайды. (ҚР ҚПК 7 б. 14 т.). Соңымен қатар ол тергеушіге кеңейтілген билікті - басқарушы өкілеттігін беріп, оларды сәйкестік процессуалдық функциялар жүктеліп, тергеу жүргізуіне толық ретінде жауап беретін топқа енгізген (ҚР ҚПК- нің 8 тарауы).

Қылмыстық қудалау органдардың арасында басқарушылық рөлін прокурор алып отыр. Өзінің маңыздылығы бойынша келесі орган болып – анықтама орган табылады. Тергеу аппаратына қарағанда анықтама органдар салалық принцип бойынша (штаттық, құрылымдық) және функционалдық принцип бойынша құрастырылған. Бір жағынан оларға жататын мемлекеттік органдар: ішкі істер органдар, ұлттық қауіпсіздік органдар, қылмыстық жазасын орындаумен байланысты қылмыстық істер, қаржылық полиция органдар, кедендік органдар, әскери полиция органдар, заң органдар, мемлекеттік өрт қауіпсіздік органдар кіреді. Басқа жағдайларда оларға мемлекеттік органдар мен мекемелер басшылары жатады: Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасы заңын бұзу және Қазақстан Республикасының континентальдік қайранында қылмыс жасаған туралы шекаралық бөлімдерінің командирлары, дипломаттық өкілеттердің, консульдік мекемелердің басшылары.

Заң шығарушының осы мәселені шешуі Н.А Громовтің пікірі бойынша келесі себептермен пайда болды: бірінші топ мемлекеттік-құқық қорғау функциялары жалпы республикалық масштаб бойынша жүктелінген органдардан құрастырылған. Осы органдардың бөлімшелері қылмыс туралы түскен хабарламаларға жеделдік ретінде елеулеп, солар бойынша анықтама жүргізу мойындалған, екінші топ – ол лауазымдық тұлғалар және мекемелердің басшылары. Ал егерде қылмыс жабық мекемеде, бөлімшеде жасалса (әскери бөлімдер, шекаралық бөлімдер, дипломаттық өкілеттіктер, консульдік мекемелер және т.б.) немесе тергеу субъектісі болып осы органдардың өкілеті табылса, олар анықтама орган болып табылады. Осы жағдайда, мекемелердің басшылары өзінің негіздік міндеттерін орындауымен қатарымен тәртіптік және құқық тәртіптігін сақтауына және алдын ала тергеуге қолғабысын тигізуге жауапты. Бірақ, тәжірибелікте атауына қарамай, қылмыстық қудалау орган ретінде анықтама органның басшысы тапсырма беріп отыратын екі немесе одан да көп субъектілерден құрастырылған жүйе. Жоғары көрсетілгені анықтама органдар - мемлекеттік қалыптасу және олардың лауазымдық басшылары өзінің негізгі функцияларын атқару барысында, оларға қылмыс бойынша түскен ақпараттар бойынша сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеп және өзінің функциялар шегі бойынша басқа қылмыстық-іс жүргізулік қызметін атқаратын дәлелдейді.

Соңымен қатар «анықтама орган» деген термин жиынтық болады, ҚР ҚПК нің 61 бабы және 196 баптарына байланысты ол өзінің функциясы органдардың басшылары арқылы іске асырады, ақырғылар қызметінің негізгі бағытамасына қарап анықтама жүргізу бойынша өзінің өкілеттігін қол астында жүретін лауазымдық адамдарға тапсыруға мүмкін. Өзінің мәртебесі бойынша тергеушіге процессуалдық мағнада ең жақын тұратын анықтаушы. Анықтаушы деген – ол анықтама орган

бастығымен уәкілеттелінген, өзінің компетенциясы шектерінде сот алдындағы қызметін атқаратын құқысы бар дербестік лауазымды тұлға.

Анықтаушының қызметі тергеулік субъектісі ретінде мекемелік нормативтік актілерімен регламенталады. Анықтама арнайы (штаттық) анықтама бөлімшелері тергеу функциясын анықтама қалыпымен орындайды.) ҚР ІІМ ПББ, ПБ, ҚІБ анықтама басқарушылық функциялар өкілеттігі берілген және ерекше жағдайларда тергеу функциялары берілген. Анықтама штаттық бөлімшелер ішкі істер органдардың өзіндік қызметі болып табылып, бағынатыны Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министріне, ішкі әскери басшысына, ПББ, ПБ, ҚІБ, қалалық линейлік органдардың бастықтарына немесе оларды жетектейтін орынбасарларына. Анықтама штаттық бөлімшелерінің қызметіне қадағалау жасайтын басқарамалардың, бөлімдерінің, бөлімшелердің бастықтары. Анықтама штаттық лауазымдық қызметіне заң білімі бар, сонымен қатар 1 жыл артық тергеу жұмысынан тәжірибелігі бар тұлғалар тағайындалады.» Атқарып жатқан жұмысына, объектілеріне және қызмет жасайтын аумағына байланысты қылмыстық іс бойынша сот алдындағы өндіріс штаттық анықтаушыларға, учаскелік инспекторларға, нашақорлықпен күресу бөлімшелерге, жол полицияға, әкімшілік полиция бөлімшелерге, криминальдік полиция қызметкерлерге, көш-қоні, құқыққорғау және ветеринарлық, сәйкестік әскери және арнайы полицияға жүктеленеді.

Сәйкестік бұйрықтар анықтама органдардың басқа органдарында бар. Сонымен қатар, штаттық анықтаушыларға негізгі функциясы – қылмыстарды тергеу функциясы болса, қалған бөлімшелерге (негізінде жеделдік) осы функция факультативтік болады, былай айтқанда олардың мекемелік керек-жарактығына және олардың қызметінің бағытамасына байланысты. Соған қарағанда, штаттық анықтама міндеттемесіне тек қана сотқа дейінгі тергеп тексеру жүргізу міндетті емес қылмыстық істер тексеру кірсе, біздің пікіріміз бойынша сәйкестік заңдық нормаларында осы қатысушыларға тиісті «анықтама жүргізетін тұлға» деген термин енгізілсе дұрыс болатын еді, сондай термин енгізілсе қатысушыларды анықтама түрлеріне байланысты олардың компетенцияларын шектелеуге болады.

Анықтама жүргізу жалпы шарттарларынан шыға берсе, қылмыстық-процестік заңнама анықтаушыларға кен өкілеттік береді. Қылмыс бойынша арыздарды, хабарламаларды қабылдау, тіркеу және қарау барысында, нақты қылмыстық іс тергеу барысында, тергеуші, прокурорлар, басқа анықтама органдар және сотшылар берген жазбаша тапсырмаларын орындау барысында, халықаралық тапсырмалар бойынша процессуалдық әрекеттер жүргізу барысында, және қылмыстық процеске қатысушыларға қауіпсіздік шаралар қамтамасыз ету барысында анықтаушы осы өкілеттерін қолдану керек. Сотқа дейінгі жеделдетілген іс бойынша тергеуге дейінгі істі ұйымдастыру – ол қылмыстық іс бойынша қылмыстық істің тергеуге алынған кезеңнен бастап оның сотта қаралуы үшін бағытталуы (сотқа дейінгі тергеп тексеру ісі және алдын – ала тексеру), сонымен қатар қылмыстық іс бойынша құжаттарды жеке айыптаушымен және қорғалушы жақпен алдын-ала дайындалуы. Сонымен қатар, келтірілген нұсқамадан тергеуге дейінгі сот ісін ұйымдастыру мазмұны қылмыстық істің өз ндірісіне қабылданған кезеңдерін, алдын-ала тексеру тергеу және айыпталушы ісін прокурормен сотқа беру кезеңін қамтиды.

ҚР Қылмыстық процестік кодексіне сәйкес жеделдетілген тәртіппен тергеуді ұйымдастыру сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеуға дейінгі жүргізілетін әрекеттерден тұрады. Қылмыс жасалған жайлы ақпарат түскен жағдайда жедел тергеу органдары қылмыстық істер жөніндегі ақпараттарын жинауға кіріседі. Жалпы бұл мәселе жөнінде шет елдердің тәжірибесі жөнінде қарастыратын болсақ, мәселен Австрияның қылмыстық істер жүргізу кодексінде кейінге қалдырмайтын жағдайда тергеу істері жасалынады, тәркілеу, тінту және басқада тергеу істері ұйымдастырылады, ал Германияның қылмыстық істер жүргізу кодексінде ол дегеніміз қылмысты тергеуді ұйымдастыру дегенді білдіреді. Ал Америка құрама штатының қылмыстық процессінде белгілі бір қылмыс ісі бойынша тергеуді ұйымдастыру қылмыс жасалынған туралы ақпаратты алған кезден, оның тіркелеген уақытынан бастап басталады, ол дегеніміз күдіктенушінің тұтқынға алынуы, тергеу жұмыстарын ұйымдастыру, тану және де басқада қатарда іс-әрекеттерді орындауға негіз бола алады, соның нәтижесінде олар сотта дәлел болуы мүмкін. Осыған ұқсас түрде Франция, Нидерланд және басқада европа мемлекеттерінің заңнамаларында көрсетіледі.

Жоғарыда айтылғандар сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу кезеңдерінің – қылмыстық процесс кезеңінің міндеті болып саналады және негізгі міндеті ретінде қылмыс бойынша істің не басталуы не аяқталуын анықтайтын сәйкес процессуалдық шешімдерді қабылдау болып табылады деп нәтиже шығаруға болады. Қазіргі кезедгі заңнамалық шынайылықтар, қылмыстық процесстің механизіміне қозғалысқа алып келетіндігін, келесідей кезеңдерде процессуалдық іс-әрекеттерді орындауға құқықтық негіз жасайтын, яғни «қылмыстық–процессуалдық басқару режимінің специфика іс-әрекет етуі нүктесінен басталуына мемлекетпен азамат арасындағы қатынастарды құқықтық кеңістік аясында анықтайды, оның тергеу ісіне дейінгі істі ұйымдастыруды орындаушы онда лауазымды тұлғалармен органдардың пайдалануына жол беріледі» деп көрсетеді. Тергеуге дейінгі істі ұйымдастырудың мұндай кезеңдерінің мәселелері болып сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеуға қажетті жағдайлардың немесе дәлелдің жоқтығы. Тексеру органдары, тергеуші және прокурор бір жағынан қылмыстың белгілерін анықтау фактілеріне назар аударулары қажет, ал екінші жағынан қылмыстық сот ісінің дәлелсіздігіне жол бермеуі тиіс.

Осылайша, мұндай кезеңдердің мағынасы келесідей жағдайлардан құралады:

- қылмыстық толық және тез арада ашылып оны жасағандарды анықтау үшін өз уақытында жедел жұмысты қамтамасыз ету;
- қылмыс белгілерін құрамайтын дәлелдерді тергеуді тоқтататын және белгілі бір қылмыстық іс бойынша жағдайды дәлелдеу шекараларын анықтау;
- қылмыстық істі орындайтын жауапты компетентті органды бекіту.

Қылмыстық іс бойынша тергеу ісінің басталуы туралы түпкілікті шешім қабылдау үшін заңды түрде жеткілікті дәрежеде дәлелдер қажет. Сондықтан арыз келіп түскеннен кейін бастапқы тергеулік әрекеттердің біріне оқиға болған жерді қарау жатады.

Жеделдетілген тәртіппен қарастыру жөнінде шешім қабылдамас бұрын оқиға болған жерді қарау және қылмыстың ауырлығына баға беру қажет. Сондықтан осы тергеулік әрекет жөнінде қарастырып өтуді жөн көрдік. Алдын ала тексеру

сатысындағы тексеру Қылмыстық процестік кодексіне сәйкес 219, 220, 221, 222, 224 - баптарында көрсетілген. Осы кодексте көрсетілген заң талаптарының орындалуы тергеу әрекеттерінің, оның ішінде тергеулік қараудың дұрыс, жан - жақты, объективті және заңдылығын қамтамасыз етеді.

Біз жеделдетілген тәртіппен іс жүргізу барысындағы осы жұмысты криминалистика тұрғысынан да талқылап қарастырғанды жөн көрдік, өйткені бұл осы ғылыммен тығыз байланысты, өйткені тергеулік қарап-тексерудің көп тәсілдері мен әдістері криминалистикалық ғылымдардың қағидаларына негізделеді. Тергеулік қарау ең бірінші қылмыстық-процестік заңымен тығыз байланыста болады. Себебі тергеулік қараудағы зерттеп дайындаған тәсілдері мен әдістері қылмысты ашуға, тергеу әрекеттерін тиімді жүргізуге негізделсе, процессуалдық заң осы тергеу әрекеттердің жүргізілу тәртібін заңды түрде қалыпқа келтіреді.

Атап айтқанда екі пәннің де зерттейтіні бір объект – бір тергеулік әрекет. Бірақ олардың осы процестік әрекеттерді оқып тексеру әрекетінің мазмұныда және тергеу әрекеттерінің мазмұны әр түрлі. Тергеу әрекеттерінің тәсілдері мен әдістері тергеулік қарап-тексерудің тиімді және нәтижелі жүруіне бағытталған. Сондықтан олар қылмысты процестік заңда көрсетілмеген, заң қалпының мазмұнымен қамтылмаған. Бірақ тергеулік қарау ұсынған қандай әдіс, тәсіл не құрал болса да, ол процестік заңның шеңберінен шықпауға тиіс және заңға қайшы болмауы керек. Тағы бір айтатын жай тергеулік қараудың процессуалдық негізі қылмыстық заң ғылымымен де тығыз байланысы бар. Қылмыс заң ғылымында қоғамға қауіпті қандай әрекеттердің қылмыс қатарына жататынын көрсетіп, әр қылмыстың құрамындағы белгісін талдап баяндайды.

Бұл қылмыстық заңда көрсетілген қылмыс құрамының белгілерін негізге ала отырып, оған талдау жүргізіп, қылмысты ашуға керекті белгілерді нақтылап, қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге тиісті мән - жайларды, шешетін сұрақтарды белгілеп және қылмыстарды тергеу тәсілдерін ұсынады.

Негізінен алғанда тергеулік қарауды жүргізу үшін келесідей негіздер болуы қажет:

- 1 ол іс материалдарында деректі мәліметтердің болуы,
- 2 шынайлығын көрсететін немесе басқа белгілі бір объектілердің маңыздылығын, мән - жайларын көрсетеді,
- 3 қарауды жүргізуді дұрыс түсіну, нақты заңдылықтарды сақтаудың үлкен тәжірбиелік маңызы бар.

Бұл жеделдетілген тәртіппен жүргізудегі бірден бір алғашқы тергеу сатысындағы кідірілмейтін әрекеттің бірі болып саналады. Жалпы оқиға болған жердің ерекшеліктері мен қарап-тексеру тәсілдеріне, кезеңдеріне келетін болсақ оқиға болған жерді қарап-тексеру екі кезеңге бөлінеді және осыған байланысты арнайы әдіс - тәсіл қолданылады. Тергеу әрекеті оқиға болған жерді жалпы шолып қараудан басталады да, бұл қараудың бірінші кезеңі деп саналады. Оқиғаның түйінді жері дегенге іздердің, айғақ заттардың неғұрлым көбірек шоғырланған жерлері жатады.

Жалпы қарап-тексеру бағыттама алу мақсатында оқиға болған жерді жалпы қарап-тексеруден басталады. Қарап-тексеру аумағына жататын шекараны анықтау, қарап-тексеру тәсілін таңдап алу туралы шешім қабылдау, оны рет - ретімен

анықтау содан кейін тергеуші қатысушылармен бірге оқиға болған жерде қандай объектілер бар екендігін анықтайды, жағдайға қатысты барлық сұрақтар кешенін зерттейді, осы жағдайлардың бір-бірімен ара қатынасы мен байланысын анықтайды, олардың сыртқы түрін оқып - біледі, оқиға болған жерде табылған барлық заттарды фотоаппараттың көмегімен бекітеді. Қарау хаттамасына қатысты сызбанұсқа, жоспар және сызбалар құрады. Жалпы қарау аяқталған соң тергеуші жеке қарауға көшеді. Осы уақытта ол:

- объектілерді мұқият және детальді түрде қарайды. (осы мақсатта олар орындарынан қозғалтылады, аударылуы мүмкін);

- оқиға болған жерде қылмыскерді іздестіруге, объектіде қалған қылмыс іздерін табуда барлық шараларды қолданады;

- іздер қалған объектілер іздерімен бірге алынады, объектілерді алуға болмайтын болса, олардың көшірмелері алынады;

- заттардың негативті белгілі жағдайлары бекітіледі;

- жалпы қарап-тексерудің мәліметтері тексеріледі;

- жалпылай және жеке фотоға түсірелер жасалынады.

Факті бойынша бұл әдіс оқиға болған жерді қараудың жеке қараудың жеке элементтері ретінде алынуы мүмкін. Ал объективті әдісте қылмыскердің әрекетіне тәуелсіз барлығы жалпылай қаралады. Ал отандық криминалистикалық оқулықтарда объективті әдістің тиімділігі туралы айтылады. Оқиға болған жерді қарап-тексерудің оң нәтижелілігі көбінесе тергеушінің оны жүргізуге қалай дайындалғандығынан көрінеді. Алдын-ала оқиға болған жердің жағдайын ахуалын білу қиын. Оқиға болған жердегі кездейсоқтықтар оған өте мұқият дайындалуды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 123-бабына сәйкес, азаматтар, лауазымды тұлғалар және мекемелер баяндап берген немесе куәлендірген мәліметтер қылмыстық іске қатысы болса, онда мұндай құжаттар дәлелдеме ретінде қабылданады. Және де алдымен құжаттардың мазмұнына назар аударылады (мысалы, басқа біреудің жүргізуші куәлігін пайдаланған кезде).

Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің 121 - бабына сәйкес, заттық дәлелдемеле ретінде қылмыс құралы немесе өзінде қылмыс ізін қалдырған, қылмыстық іс - әрекет объектісі болған құжаттар болып, сонымен қатар қылмысты табуға көмек жасайтын, істің нақтылы жағдайын анықтайтын, кінәліні әшкерлейтін басқа да құжаттар жатады (мысалы, құжатта фотосуретті қайта жапсыру белгілері бар).

Жеке тұлғаға тиесілі ұрлық болған жерді қарап-тексеруде (пәтер, бақ жері) жәбірленушінің өзі болғаны жөн, өйткені оқиға болған жерде табылған іздер мен заттардың сәйкестілігі анықталады. Егер материалдық құндылықтар алуға құқық беретін құжаттардың ұрланғаны туралы белгілі болса, тез арада оның жүзеге асуына тосқауыл қою қажет. Қарау кезінде ұрланған заттардың төлқұжаттары алынады, мүмкіндігінше ұрланған заттардың белгілерін айқындауға көмектесетін заттарды да алған жөн (мысалы: фотолар). Қарап-тексеруге қатысушы ұйым жұмыскерлері мен жәбірленушілердің өтініштері оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасына енгізіледі. Мысалы, оларда келесі сөздер болуы мүмкін: «дүкен менгерушісі Садықованың мәлімдеуінше сөредеге тауарлардың орналасу орны бұзылмаған». Оқиға болған жерді қарап-тексеруді жүргізген адам қандай мәліметтерді

басшылыққа алды. Мысалы, сөредегі тауарлар неге мұқият зерттелмеген және неге бастықтың үстеліне соншалықты назар аударылған.

Ұрлық істер бойынша оқиға болған жерді бұзу іздері көп кездесуі мүмкін. Бұзу қаруының табылған іздерін қарап-тексеру хаттамасын көрсеткенде келесілерді көрсету қажет: із қалған заттың (объектінің) атын (есік, терезе, еден); із түрі (кесілген, бұзылған, қысылған); із пошымы (домалақ, сопақ, төртбұрышты); оның өлшемі (ені, ұзындығы, тереңдігі); іздің орналасуы (қозғалмайтын екі бағдармен арақашықтығы); іздің сипат ерекшелігі (бояу, шіру); табылған бұзу құралының аты, оның пошымы, өлшемі, зауыттық белгілері; табылған бұзу қаруының материалы; іздерді алу немесе көшіру тәсілдері; бұзу қаруының іздері бар заттарды орау амалы; орамадағы жазулар туралы мәліметтер.

Жанында орналасқан бірнеше іздерді фотоға түсіру торапты түсіру ережесімен, жеке іздер-детальді түсіру ережесімен жүзеге асады. Соған сай кино, бейне түсірулер де жасалады. Ұрлық туралы істер бойынша оқиға болған жерге қарау жүргізгенде мәлімдеме жасаудан аулақ болғаны дұрыс, өйткені ондағы іздер, жағдайлар, заттар туралы мәліметтер ұрлықтын қайталануына әкеліп соғылуы мүмкін.

Оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде ұрлықты қайталаудың келесі белгілері анықталуы мүмкін:

а) бұзу іштен жасалған (егер қылмыскер ол жерге алдын ала кірді деген мәлімет болмаса);

б) кірудің сол әдісінде болуы тиіс іздердің болмауы (мысалы құлыптың біреуі жөнделген) ;

в) бұзудың ішкі әрекеттермен жеделдетілгенін куәлайтын іздердің болуы;

г) ұрланған заттардың бар тесіктен алып шығудың мүмкін еместігі;

д) қылмыс оқиғасының сипатына сай келмейтін ғимарат ішіндегі асыра ретсіздік;

Мүмкіндік болса, қарауға дейін жәбірленушіден жауап алынады. Одан қылмыстың қай жерде болғаны, табуға септесетін белгілер сұралады. Қылмыскерлердің оқиға болған жерге келу және одан кету жолдарын да білген жөн. Жапа шегушіден, сосын олардың фотобейнесін жасауға көмектесетін қылмыскерлердің сыртқы пішіні туралы да сұралады. Оқиға болған жерді қарап-тексеру ең негізгі, ал кей жағдайларда дәлелдемелерді табу мақсатында жалғыз қайнар көз болып табылады. Тергеуші қарап-тексеру барысында қылмыстың мінезін ғана емес, оның ниетін, уақытын, неше қылмыскер болғанын, олардың әрекетін және қылмысты шешуге бағытталған басқа да сұрақтарды шеше алады. Басқа сөзбен айтқанда оқиға болған жерді қарау қылмыс және қылмыскер туралы тергеуге алғашқы объективті мәліметтер береді. Қарап-тексеруде жүргізгенде тергеушінің алдында екі мақсат қойылады. Бірінші, ол оқиға болған жерді дұрыс анықтап қарап және қылмыскер туралы алғашқы мәліметтерді табуға тырысу; екіншісі, ол қылмыскерді іздеу үшін заттай дәлелдемелерді, іздеді табу болып табылады.

Жеделдетілген тәртіптегі істер бойынша жауап алуды жүргізуді ұйымдастырудың процестік тәртібі

Сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізудің тәртібі бойынша көрсетілген мән-жайларды анықтау үшін онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар,

сондай-ақ ауыр қылмыстар бойынша, егер жиналған дәлелдемелермен қылмыс фактісі мен оны жасаған адам, оның өз кінәсін толық мойындағаны, келтірілген залал (зиян) өлшерімен (сомасымен) келіскені анықталса, бұл жөнінде күдіктіні хабардар ете отырып және оған бұл шешімнің құқықтық салдарын түсіндіре отырып, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру жүргізілуі мүмкін. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тергеу он бес тәулік ішінде аяқталуға тиіс. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайларын анықтайды және күдіктінің оны жасауға қатысқанын растайтын дәлелдемелерді жинайды.

Осыған орай қылмыстық істі тергеу барысындағы жауап алу әрекеті арқылы қылмыстың болғандығын немесе болмағандығын, егер қылмыс жасалған болса, кім және қалай жасалғандығы міндетті түрде көптеген мәселелер анықталуы қажет. Осы мән – жайларды айқындау адамгершілік тұрғыдан ақиқатқа жетуге деген талпынысты аңғартады. Әрбір іс бойынша кез-келген жағдайда объективтік ақиқатты табу мүмкіндігі және қажеттігі жеделдетілген тәртіппен істі дәлелдеудің бірден бір мақсаты болып табылады.

Жауап алу әрекеті тәжірибеде кеңінен қолданып келе жатқан процессуалдық әрекет. Қандай қылмысты болмасын тергеу барысында тұлғалардан жауап алу басты тергеу әрекеті болып табылады. Өйткені, қылмысты ашуда қолданылатын жеке дәлелдемелерді алудың бір формасы - жауап алу тергеу әрекеті болып табылады. Оның ішінде қылмыстық іске қатысушылардан куәден жауап алу болып табылады. Жалпы Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінде «куә» деген ұғымның анықтамасы берілмеген. Тек ҚПК-нің 78-бабының 1-бөлігінде «айғақ беру үшін куә ретінде іс үшін маңызы бар қандай да болсын мән-жай белгілі болуы мүмкін кез келген адам шақырылуы және одан жауап алынуы мүмкін» деп көрсетілген. Тәжірибе барысында осы заңның негізінде куә мәртебесін берілген адам қылмыстық істерде куә ретінде белгіленеді. Алдын ала тергеу өндірісінде қылмыстық істер бойынша ақиқатты айқындаудағы куәлер жауабының алатын орны айрықша. Өйткені, куәнің жауабы құқық қорғау органдарында жүргізілген сауалнамаға сәйкес, алынған мәліметтердің 80 пайызы тергеу органдарының қызметінің жетістіктері мен қылмыстық сот өндірісі міндеттерінің ойдағыдай шешілуі, көбіне, адал ниетпен азаматтық борышын орындаған куәлерге тікелей байланысты екенін атап көрсетеді. Сондықтан, куәлердің әртүрлі тергеу жағдайларында құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау — басты міндеттері болып саналады.

Куәгерлердің жауабындағы мәліметінің жарияланып кетуі, куәгердің қате қабылдануынан, көргенін дұрыс айта алмауынан, хаттаманың жазылу қателігінен және жауап алу хаттамасын судьяның дұрыс түсінбеуінен болады. Мәліметтің шынайы шындықты дәл көрсетуін анықтау маңызы болып келеді, яғни ол қаншалықты дұрыс көрсетілген, жауап берушімен дұрыс берілген, тергеушімен қабылданған және жауап алу хаттамасында жазылған. Тергеу кезіндегі мәліметтердегі осындай шымырауларының орыны жаңа қайнар көздерден түскен басқа да деректер негізінде, мәлімет біреуінің көп сатылығын қысқарту негізінде толтырылады, сондықтанда тікелей қағиданың мәні өседі, яғни қылмыс көрген

адамнан жауап алу тікелей дәлелдемелерді пайдалану. Тергеуші жаңа мәлімет алмайды, егер ол іск қатысты болмаса немесе оған белгілі болса, бұл жағдайда оның сенімділігі өседі.

Жауаптың бұл анықтамасында оның бүкіл мәнді белгілері көрсетілген. Біріншіден, жауап тергеулік және соттық әрекет ретінде қарастырған. Осылайша оны жүргізуші адамның белсенді ролі көрсетілген. Екіншіден, жауап – бұл жауап алу процесі. Үшіншіден, бұл әрекет ерекше процессуалдық нысан шегінде тергеу органы немесе соттан жүзеге асырылатыны көрсетілген. Төртіншіден, жауап беруші білетінінің бәрі жауап алудың нәрсесі емес екендігі көңіл бөлінген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы (өзгертулер мен толықтырулар 10.03.2017.).

2 Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» № 858 Жарлығы.

3 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». 2017 жылғы 31 қаңтар. Сақшы газеті.

4 Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.

5 Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка: Ок. 100000 слов, терминов, фразеологических выражений / С. И. Ожегов; Под ред. Л. И. Скворцова. – 28-е изд. перераб. М.:2012.

6 Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.

7 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 220 бұйрығына 1-қосымша Ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша алдын ала тергеуді және анықтауды ұйымдастыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ (бұйрықтан үзінді).

8 В.И.Даль Эффективность участия защитника в доказывании на предварительном следствии. — Красноярск, 1990.

9 Статкус В. Ф., Жидких А. А. Органы предварительного следствия в системе МВД России: Учеб. пос. — М., 2000.

10 Белкин Р.С, Коломацкий В. Г., Лузгин И. М. Криминалистика. — М., 1995. Том 1.

11 Жалпы редакцияны басқарған з.ғ.д., профессор Т.Е.Сарсенбаев. Қылымстық іс жүргізу актілерінің үлгілері (сотқа дейінгі саты). Тәжирибелік оқу құралы. Қарағанды Болашақ-Баспа 2010ж.

12 Сарсенбаев Т.Е., Смирнов С.В., Ханның А.Л.жалпы редакциясынан. Оқу тәжирибелік құрал. Бөтен мүлкін ұрлауға қатысты қылмыстық істі тергеу. Қарағанды 2010ж.

13 Тяжина А.О., Қалиев А.Қ., Хан А.Л. Қылымстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс. Электрондық оқу құрал Қарағанды 2010ж.

14 Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу, сонымен қатар Сотқа дейінгі тергеудің біріңғай тізілімін жүргізу Қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 қыркүйекте № 9744 тіркелді.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы

Дәріс

тақырыбы: «Сотқа дейінгі жеделделдетілген тергеп тексеру барысында тергеу әрекеттерін ұйымдастыру және жүргізу»

Қарағанды 2018

Кіріспе

1 Сотқа дейінгі жеделделдетілген тергеп тексеру барысында тергеу әрекеттерінің түрі, түсінігі мен мәні оны жүргізу ерекшеліктері

2 Сотқа дейінгі жеделделдетілген тергеп тексеру барысында процестік актілер

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Елімізде қылмыстық құқық бұзушылықтар көптеп жасалуы, оның ішінде аса қауіпті қылмыстардың жасалуы және кейбір қылмыс түрлерінің саны одан әрі өсу жақтарын байқап отырмыз. Бұл жай құқық қорғау, атап айтқанда, тергеу органдарының жұмысын одан әрі жақсартуын, олардың қылмысты ашуда, тергеудің нәтижелі және тиімді тәсілдері жан - жақты пайдалануын талап етеді.

Құқық қорғау органдарының криминалистика пәнін біліп, криминалистикалық әдіс-тәсілдерді шебер пайдалануы осы органдардың қылмысқа қарсы күрес жұмыстарының іскерлігін және нәтижелігін арттырады.

Жасаған қылмыстық құқық бұзушылықты тез ашып, қылмыс жасаған адамдарға тиісті жаза тағайындау, қылмысқа қарсы күрестің нәтижелігін арттырады, қылмыс жасаудан кейбір адамдарды сақтандырады.

Қылмыстық құқық бұзушылықты ашу және алдын алу мақсатында ол қылмыстың болғандығы жөнінде болжамдар мен жоспар құра отырып тергеу қылмысты ашуды, әдістемелі және тез арада қылмыстерді әшкерлеуге үлесін тигізеді. Аталмыш дәріс сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттерін жүргізу барысында дұрыс болжам құра отырып, ол болжамдарды тергеп-тексеру барысында тексеру арқылы қылмыстың болғандығын, кім жасағандығын қанша адам жасағандығын және басқа мәселелер жөнінде толығымен айқындауға болады. Ал қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп-тексеру барысында барлық әрекеттерді жоспарлау арқылы барлық жүргізілетін әрекеттерге жоспар құру бұл тергеушінің дұрыс әрекеттер құруына, уақытты тиімді жүргізуге, және барлық мәселелер осы жоспарлау арқылы жүргізілген жағдайда тергеудің тиімділігін білуге болады. Ал дәрісте осы жоспарлаудың мақсаты мен түрлері жөнінде кеңінен қарастыратын боламыз.

Құқықтың мемлекеттің жағдайында өте күрделі сұрақтардың бірі болып тергеу өндірісінде заңдылықты сақтай отырып қылмыстың алдын алу және оны әшкерлеу, қылмысты жасаған адамды анықтап оның қылмысын дәлелдеу, оны сот алдына ұсыну болып табылады. Бұл сұрақтар алдын ала тергеу барысындағы тергеушінің қылмыскерді анықтау, оның тергеуден, соттан бой тасалағанына байланысты іздеу шараларын жүргізу болып табылады. Осы мәселеге байланысты туылған сұрақтардың күрделігін байқаймыз. Сондықтан, қылмыскерді ұстау және оны сот алдына ұсыну ерете заманнан бері дәлелдеме алудың қойнар көзі және әділдікті анықтау болып табылды.

Осы іздеу әрекеттеріне байланысты тергеушінің көтеген кешенді шараларын жүргізумен қатар оның заңдылықты сақтай отырып азаматтардың конституциялық құқыларымен мүдделерін қорғауын қамптамасыз ету қажет.

Осы дәрістің негізгі мақсаты – іздестіру жұмыстарының процестік және криминалистикалық мәселелерінне қатысты сұрақтарға терең тоқталып жан-жақты қарастыру. Дәрісте тек теориялық жақтан ғана емес сонымен қатар тактикалық әрекеттерінің тәжірибелік жағынан талдаулар жүргізу. Сонымен тергеушінің сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында тергеу әрекеттері кейінгі тәжірибе барысында күдіктіні анықтап ұстауда және объектілерді табуға қылмыстық құқық

бұзушылықпен келген зиянның орнын толтыруда маңызды мәселелердің бірі. Осы ұсынылған дәріс кейінгі тергеушілер мен құқық қорғау органдарына тергеу барысында тиімді деп ойлаймын.

1 Сотқа дейінгі тергеп текесру барысындағы тергеу әрекеттерінің түрі, түсінігі мен мәні оны жүргізу ерекшеліктері

Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысындағы тергеп-тексеру әрекеттері тергеушінің маңызды процестік әрекеті болып табылады. Бұл жөнінде криминалист ғалымдар әр түрлі анықтамалар береді: А.С. Шейфер бойынша тергеу әрекеті дегеніміз дәлелдемелер табу мен бекіту кезінде қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес жүргізілетін іс әрекет (немесе қызмет түрі). И.Ф. Герасимов басқаша береді: «Тергеу әрекеті - заңмен қарастырылған тергеушінің (немесе анықтама жүргізетін тұлғаның) қылмыстық сот өндірісі міндеттерін орындауға бағытталған немесе осыған жағдай туғызатын көбіне алдын ала тергеу сатысында жүзеге асырылатын процессуалды іс әрекеттері.

Тергеу әрекетінің танымдық жағы - іс жүргізу нәтижесінде тергеушінің шынайы нәтижелер, іс бойынша дәлелдеуді қажет ететін жағдайлар туралы мәліметтер алуы болып табылады. Заңды жолмен алынған және заңмен қарастырылған формада бекітілген бұл мәліметтер дәлелдемелер болады. Мұндай көзқараста тергеу әрекеті дәлелдемелер жинау тәсілін көрсетеді.

Шындығында дәлелдеменің қалыптасу процесі едәуір күрделірек. Дәлелдеудің бастапқы кезінде тергеушінің танымдық қызметінің пәні дәлелдемелер емес, қоршаған орта заттарында және адамдар санасында қалдырылған белгілі бір оқиға іздері. Тергеп-тексеру әрекетін жүргізе отырып тергеуші осы іздерді табады, олардан іске қатысты ақпаратты бөліп алады (іске байланыссыздарына көңіл бөлмейді) және оны процесс акттерінде бекітеді.

Сөйтіп, жауап алу, қарап-тексеру, тергеу эксперименті, тану үшін көрсету және басқа да тергеу әрекеттері-тергеушінің ақпарат пен дәлелдемелерді қалыптастырудағы қарқынды жұмысы. әрине, айтылған нәрсе, дәлелдеме басынан аяғына дейін тергеу әрекеті барысында тергеушінің «ойымен жасалады» дегендік емес. Қарастырылатын оқиға іздері тергеушінің санасына байланыссыз пайда болады және олар дәлелдемелердің объективті негізі болады. Дегенмен, фактілі мәліметтердің толық, жан-жақты анықталуы, олардың сақталуы тергеу әрекетінің дұрыс таңдалуына, дұрыс жүргізілуіне, өзінің ішкі құрылымы бойынша бар іздерді бейнелеуге жарамдылығына, тергеуші қолданған бекіту құрал-жабдықтарының процессуалды форманың ерекшеліктеріне сәйкестілігіне өте тығыз байланысты.

Қылмыстық процес шеңберінде бұл әдістер кез келген формада қолданыла алмайды. Сондықтан заңшығарушы бақылау, сәрау жүргізу, салыстыру, әлшеу, эксперимент, модельдеу және бейнелеу жүргізудің ережелерін бекітеді. Бұл арқылы таным әдістерін қолданудың құқықтық нысандары анықталынады, ал тергеушінің осы әдістерді қолдану бойынша іс әрекеті заңды танымдық және көз жеткізу операциялары болып табылады.

Тергеу әрекеті сипаттамасы танымдық пен көз жеткізу операцияларының кешені ретінде, біз атап өткендей, оның мәнді танымдық жағын ашады. Сонымен қатар, басқа нормативті жағы да өте қажет. Тергеу әрекеті қылмыстық іс жүргізу қызметінің, осы қызмет сияқты, қатаң құқықтық реттеуге бағынатын, алғашқы элементі болып табылады. Дәлелдемелерді жинаушы тергеуші және күдікті, жәбірленуші, нақты мәліметтер беретін куәлер, мамандар және дәлелдемелер алуға жағдай туғызатын куәгерлер - бәрі де құқық субъектілері; бұлардың іс әрекеттері құқықтың қорғанудың немесе міндеттің орындалуын айғақтайды, яғни құқықтық

қатынас қарайды. Бұл көзқарастан тергеу әрекеті тергеуші мен көрсетілген жеке тұлғалар арасындағы құқықтық қатынасының жүйесі болып табылады.

Әрбір тергеп-тексеру әрекетін кәштеген жеке ерекшеліктері бар. Дегенмен де, тергеп-тексеру әрекеттерін айғақ жинаудың бір-біріне теуелсіз тәсілдері ретінде қарастыруға болмайды, олар ұйымдасқан біртұтас жүйе болып табылады, бұл олардың өзара ішкі байланысы мен реттелгендігінде көрініс табады: тергеу әрекеті аясында тексерілетін болжаулар негізінде. Болжау түріндегі танымдық негіздің бірінғай мақсаты тергеу әрекеттері жиынтығына ішкі тұтастылық пен ұйымдасқандық сипаттарын береді. Сондықтан тергеу әрекеттері жіктемесінің елеулі негізі ретінде болжау және олардың тергеудің әртүрлі кезеңінде бірінғай кешендерге жинастыру, яғни тактикалық операциялар саналады. Тергеп-тексеру әрекеттерінің көпшілігі қылмыстық құқық бұзушылық іздерін тікелей көрсетуді білдіреді, яғни тергеуші ақпарат беретін нысананы тікелей қабылдап (әз бетімен немесе маманның көмегімен), болжауларды растайтын немесе жоққа шығаратын нақты мәліметтерді алып шығады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүйелігінде зерттелетін оқиғаның іздері арасындағы объективті байланыстары бейнеленіп көрсетіледі. Кез келген оқиға белгілі іздер қалдырған өзара байланысты әрекеттер кешені. Маңызды ерекшеліктерін көрсететін оқиға іздері жіктемесінің негіздері мыналар:

- а) нақтылы мән-жайларды бейнелейтін әдістер;
- б) нақтылы мән-жайларды тікелей, не жанама алу процесі;
- в) бейнелеуге жататын объектілердің күрделілігі;
- г) тергеу әрекетінің мақсаты.

Бұлардың ерқайсысы тергеу әрекеттерінің ортақ қасиеттері бар арнайы топтарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, ал бұл топтар жиынтығы әздеріне тен күрделі құрылымды тергеу әрекеттері жүйесін қарайды.

Қылмыскердің жеке тұлғасын анықтау мақсатымен болжамдарды құру процессінің құрылымын анықтағанда, төрт негізгі кезеңін бөлуге болады: болжамның бөлек элементтерін анықтау; болжамның топтық элементтерін анықтау; болжамның қалыптасуы; екі немесе одан да көп болжамдардың қалыптасуы.

Тергеулік болжамға қатысты аталған кезеңдерді толықтай қарайық. Қылмыскердің жеке тұлғасын анықтау мақсатымен болжамдарды құру процессінде фактілік мәліметтерді алдын ала зерттеу сатысында оның мақсаттары белгіленеді, болжамның бөлек элементтерінің белгілеуне және қылмыстың белгілерінің бейнелеуне әсер ететін себеп кер шарттар зерттеп танылады. Жекешелей, оларға қылмыс жасалған және жасалуы мүмкін жағдайлар жатады, күннің уақыты, ауа райы, заттық жағдайы, оқиға болған жердің топографиясы, бұзылықтардың мінездемесі, және тағыда басқа іздер-заттардың, құжаттардың және т.б.

Тергеулік болжамның құруын тұжырымдайтын тергеулік қарудың кезінде көбінесе бұл факторлар мен мәліметтер алғашқы алынады және ескертіледі. Одан басқа, қылмыскердің жеке тұлғасы туралы және тергелетін қылмыстың оқиғасына қатысты басқада фактілер туралы мәліметтің маңызды қайнар көздері болып жауап алу барысындағы күәгерлермен жәбірлеушілердің жауаптары табылады. Бұнда алынған мәліметтің дұрыстығына әсер ететін жауаптың психологиялық негізгі құрылымдық элементтерін қосып және бүкіл факторлардың комплексін есепке алуға

қажет; оқиғаны қабылдау жағдаймен ұзақтылығы, жауап алатын адамның психикалық және денсаулық жағдайы; қабылдауға кеделгі келтіретін қылмыскердің жағынан әрекеттері; қылмыскердің жеке тұлғасы туралы мәліметті айтып беру тәртібі және т.б.

Анықталған тергеулік болжамдардың қалыптасуы басқада тергеулік экспериментте, үлгілерді алғанда. Осы кезде болжамның бөлек элементтерін белгілейді. Аналитикалық сатысында фактілік мәліметтерді зерттегенде тергеулік болжамдардың құрудың нақты мақсаттарын және алдыңғы сатысының нәтижелерін есепке алады, алынған мәліметті күмәнсіз зерттеу үшін қолайлы мінездемелерін анықтайды. Оны нақты анықтап және бекіткеннен кейін қылмыстың зерттелетін оқиғасымен мәліметтің байланыстарының жан жақты бағалауы жүргізіледі (анықталған мәліметтердің қылмыстық оқиғасының мәніне қатыстылығы анықталады және олардың кездейсоқтығы), бұл мәліметтің берілген қылмыстың оқиғасына өз ара әрекеттесу дәрежесі анықталады. Осындай зерттеу болжамның бөлек элементтері күмәнсіз белгілеуге бағытталған.

Жауап алғанда тергеуші мен жауап беруші адамның арасында белгілі бір қарым-қатынас олардың көзқарастарында қайшылықтың бар-жоғына байланысты орнығады. Егер жауап беріп отырған адам өз еркімен шындықты, істің мән-жайын толық айтып отырса мұндай пікір қайшылығы жоқ жағдай деп есептеледі.

Ал, егер жауап беріп, істің кейбір мән-жайларын жасырып, айтқысы келмей жалтарса мұндай жағдай келіспеушілік, яғни қайшылықты жағдай деп саналады.

Іс бойынша толық мәлімдеме алу үшін осы екі жағдайда да белгілі бір тактикалық әрекеттер қолданылады.

Бірінші жағдайда тергеу әрекеттері ұмытылып қалған оқиғаның кейбір мән-жайын жауап беріп отырған адамның есіне түсіруіне бағытталса, екінші жағдайда тактикалық әдіс - жауап беріп отырған адамның өтірігін шығарып, әшкерлеп, оның шындықты айтуына мәжбүр етуге бағытталады. Кейбір куәгерлерден, жәбірленушілерден жауап алғанда көбінесе жауап үстінде пікір қайшылықты жоқ жағдай байқалады да ал күдікті адамнан жауап алғанда келіспеушілік жағдай жиі кездеседі. Осыған байланысты жауап алуда қолданылатын әдістерді қалыптасатын тактикалық жағдайларға сәйкес қарайық.

Біріншіден, Жауап алып отырған адамға жайлы тыныш жағдай туғызса, оның асықпай, болған оқиғаны толық есіне түсіруіне жеңіл болады. Болған оқиғаны хронологиялық тәртіппен басынан аяғына дейін айтқызу арқылы да толық жауап алуға болады. Себебі мұндай жағдай жауап берген адам болған оқиғаның белгілі бір ретпен, тізбектей, оны ұмытылған кейбір сәттерін есіне тез түсіреді. Сонымен қатар, болған оқиғаны керісінше, соңынан басына қарай қайталанса жауап беруші оқиғаның кейбір мән-жайын есіне түсіріп, өзінің жауабын толықтыруы мүмкін. Жауап алу кезінде нақты тактикалық жағдайларды сақтау арқылы нәтижелікке жетуге болады. Олардың негізгілеріне:

- жауап алу кезіндегі шапшандық, яғни жауап алуда заңға қайшы келмейтін тактикалық тәсілдерді пайдалану кезіндегі тергеушімен ынталықты өз қолына ұстап калу;

- жауап алудағы мақсаттылық, яғни шынайлы мағлұмат алу үшін жауап алуды алдын-ала ойластырып жүргізу;

- Жауап алудың объективтілігі және толымдылығы, яғни тергеушінің алынған көрсетулерді өз көзқарасына сай қысқартуға және өзгертуге құқылы емес, сондай-ақ жауап алынатын адамға өз көзқарасына сай қысқартуға және өзгертуге құқылы емес, сондай ақ жауап алатын адамға өз ойын жеткізуіне болмайды. Объективтіліктің келілі ретінде жауап алынатын адамға жөн сілтеуші сұрақтар қоюға заңмен тыйым салынуы, ал толықтылық кепілі- мүмкіндік бойынша көрсетулерді ауызба ауыз байандау;

Жауап алудың мақсатына жетудің қажетті шарты болып жауап алатын адаммен психологиялық байланыс орнату болып табылады.

- тергеуші қимылдарының шыңайылығына жауап алынатын адамның көзін жеткізу, тергеушіге сыйластықпен қарауға иландыру;

- жауап алатын адамды көрсетуге, тергеушімен сұқбаттастыруға құмарландыру;

- жауап алатын адамның құқығын сақтауға және оның заңды мүдделерін қанағаттандыруда қамқорлық білдіру;

- жауап алу барысында шиеленісуге іскерлік жағдай туғызу және оны қолдау;

- жауап алу барысында әдептілік ұстамдылық және тіл мәдениетін сақтау;

- жауап алу барысында шиеленісушіліксіз іскерлік жағдай туғызу және оны қолдау;

Куә мен жәбірленушіден жауап алу тактикасы

Куә мен жәбірленушіден жауап алу көп жағдайларда ұқсас болып келеді, өйткені олардың процестік жағдайлары шамалас, жақын.

Жәбірленуші деп қылмыстан мүліктік, денелік және моральдық зиян шеккен жеке тұлғаны атайды.

Егер, жауап алу кеңінен тараған тергеу әрекеті болса, оның ішінде куәдан жауап алу ең жиі кездесетіні болып отыр. Бір іс бойынша шақырылған куәлардан және жәбірленушілерден бөлек жауап алынады. Тергеуші бір іс бойынша шақырылған куәләр, жәбірленушілер жауап алу басталғанға дейін өзара сөйлеспейтіндей шаралар қолданылады.

Жауап алу алдында тергеуші куәнің, жәбірленушінің, күдіктіге қандай қатысы бар екендігін анықтайды, оларға іс жүргізудегі құқықтарымен міндеттерін түсіндіреді, жауап беруден бас тартқандығы үшін қылмыстық жауапкершілікпен тартылатындығы ескертіледі.

Куә мен жәбірленушіден жауап алу барысын шартты түрде төрт сатыға бөлсекте болады:

- жауап берушімен психологиялық тіл табысу;

- жауап берушінің еркін әңгімесі;

- жауап берушіге сұрақтар қою;

- жауап берушіні жауап алу хаттамасымен, егер дыбыс бейнежазба жүргізілсе, оларды тыңдату не көрсету арқылы таныстыру.

Тергеушінің жауап берушімен психологиялық тіл табысуы жауап алудың өз мақсатына жетудің алғы шарттарымен тікелей байланысты. Тіл табысу тергеушінің сыртқы күйіне, әдептілігіне, сипатылығына білгірлігіне және жауап алу ортасына тікелей байланысты. Жауап берушімен психологиялық қатынас орнату үшін

тергеуші жауап алу хаттамасының анкеталық бөлімін толтыру барысында әңгіме тартады. Мысалы, жауап берушінің жан-ұя жағдайы немесе туған жері туралы әңгімелесу. Бір жағынан осы арқылы тергеуші жауап беруші туралы қосымша мәліметтер алуы мүмкін.

Осыдан кейін, тергеуші жауап берушіге қылмыстық іс бойынша белгілі мән жайларды еркін түрде айтып беруді ұсынынады. Еркін әңгімесін жауап беруші өзінің есінде қалған қылмыстық іске қатысты оқиғаны өз бетінше баяндап береді. Тергеуші жауап берушінің еркін әңгімесін бөлмейді, керісінше оның әр сөзін мұқият тыңдап, іс үшін маңызды деген сәттерін ескеріп отыруы керек. Еркін әңгімесін тыңдар алдында, тергеуші куәға немесе жәбірленушіге жауаптарын белгілі бір тәртіппен жүргізуді ұсынуға болады. Бұл әдіс көбінесе жауап берушіден алынатын жауаптың көлемі үлкен болған кезінде қолданылады. Жауап берушінің еркін әңгімесі аяқталғаннан соң тергеуші өзіне керекті жауап берушінің айтпай кеткен немесе толық ашпаған мәселелер бойынша сұрақтар қояды, өйткені жауап беруші еркін әңгімесінде қылмыстық іске қатысатын көптеген мән-жайларға көңіл бөлмеуі мүмкін. Сұрақтар қою арқылы тергеуші оның ұмытып кеткен жағдайлардын немесе жаңа мәліметтерді айтуына жағдай туғызады. Сонымен қатар, тергеушінің осылайша сұрақтар қою арқылы жауап берушінің ойлау, есіне түсіру қабілетін арттырады.

Жауап алу аяқталған соң тергеуші жауап берушіні хаттамаға түсірілген жауабымен және бейне дыбыс жазба жүргізілген болса, онда таспаны жазылған жауабын көрсету не естірту арқылы таныстырады. Жауап алу кезінде қандай аппаратура қолданылса да хаттама толтыру кезінде жауап беруші хаттамаға толықтырулар мен өзгертулер енгізуі мүмкін. Сонымен қатар, хаттамадағы өз қолымен жазылған немесе өз сөзінен дұрыс жазылғандығын растап қол қояды.

Жауапты қарап-тексерудің барлық түрінен айырмашылығы мынадан да тұруы мүмкін, қарап-тексеру кезінде тергеуші ортаны қалай көрсе, солай бекіту жасайды, ал жауапты оқиға болған жерде тексеру кезінде жауабы тексеріліп жатқан адамның сөзіне сәйкес тергелінуші оқиғаның болған кезі бекітіледі.

Жауапты оқиға болған жерде тексерудің мақсаты ретінде жауап беріп жатқан адамнан жаңа жауаптар алуды көздемеу керек, өйткені бұл жауап алудың мақсаты, оның үстіне ол куәгерлердің қатысуынсыз жүргізіледі. Егер жауап алу кезінде жауап беруші адамның тек қана ауызша жауабы алынатын болса, оқиға жеріндегі жауабында ауызша айтуымен қатар оқиға жерінде қимылдар да көрсетіледі.

Жауабы тексеріліп жатқан адаммен жауапты оқиға жерінде тексергенде белгілі бір қимылдар жүргізілуі мүмкін, осы тергеу әрекетінің жерінде жүру, қимылдау. Бірақ жауапты тексеру тергеулік экспериментке қарағанда, таза тәжірибелік сипаты жоқ. Бұл қимылдардың тек қана көмекші сипаты бар, олар негізгі мәселелерді шешу, жауапты оқиға жерінде тексерудің нәтижелерінің сипаттылығы мен растығын жоғарылату үшін керек. Ол арнайы реконструкцияланған ортаны қажет етпейді және дәл сол кездегі ортада жүргізіле береді. Бұл кезде тергеулік экспериментте шешілетін осы оқиға болды немесе болған жоқ деген сұрақ шешілмейді де, жауап бойынша тексеріліп жатқан оқиға қайда және қалай болғандығы нақтыланады. Жауапты оқиға болған жерде тексеру кезінде тергеулік экспериментке қарағанда жауабы тексерілетін адам міндетті түрде

қатысуы керек және осы тергеу әрекетін жүргізуге соңғының келісімі қажет. Жергілікті жерлерді тану үшін көрсетуден жауапты оқиға жерінде тексерудің айырмашылығы соңғысында көрсетілген орындардың біреуін тануда емес, оны тергеуші мен куәгерлерге көрсетумен қатар, сол жерде болған қимыл-әрекеттерді және сол жерде өзінің жауабын растайтын заттарды көрсетулерден тұрады. Сонымен қатар тану оған берілген тандау мүмкіншілігінің нәтижесінде объектіні қандай да бір белгілері бойынша таныдым деп айтқан кезде толық аяқталады.

Сонымен, жауапты оқиға жерінде тексеру - бұл жауабы тексерілетін бұрын жауап алынған адамның келісімі бойынша, және осы адамның тергелінуші оқиғаның жауап кезінде айтылған нақты мән-жайларын, солардың болған жерінде түсіндірумен қатар өзінің немесе басқа адамдардың әрекеттерін, қимылдарын көрсетуден тұратын тергеу әрекеті.

Жауапты оқиға жерінде тексерудің мақсаттары:

1) басқа тәсілмен анықталуы мүмкін емес немесе тиімді емес тергеу үшін қажетті оқиға жерін табу;

2) егер жауабы алынушы адам оқиға жеріне баратын жолды айта алмаса, онда оған бару немесе одан қайтатын жолдарды анықтау;

3) бұрын тергеуге белгісіз күдіктілерді, жәбірленушілер мен куәларды анықтау;

4) егер тексерілетін оқиғаның ортасы өзгерді деген мәліметтер болғанда оны анықтау;

5) жауап беруші адамның қылмыстық іс бойынша дәлелдеу затына кіретін мән-жайлар туралы білетіндігін анықтау;

6) тергеулік және іздестіру версияларын тексеру;

7) бұрын анықталған деректерді тексеру мен нақтылау;

8) жаңа дәлелдемелер табу;

9) жауаптардағы қайшылықтарды анықтау және жою;

10) қылмыс істеуге әсер ететін себептер мен жағдайларды анықтау.

Жауапты оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың ең көп тараған міндеттері мыналар:

- тергеп-тексеру үшін қажетті оқиға жерін табу, егер оны басқа жолмен анықтау мүмкін болмаса немесе тиімсіз болса;

- оқиға орнына кірген немесе ол жерден кеткен жолды анықтау, егер жауабы алынушы ол жолды айтып бере алмаса;

- жауапта айтылған, ия болмаса айтылмаған дәлелдемелерді табу;

- бұрын тергеуге белгісіз сезіктілерді, жәбірленушілер мен куәларды анықтау;

- тексерілетін оқиға ортасының шын мәніндегі күйін анықтау, егер ол қарау кезінде өзгеріске ұшыраса;

- жауабы алынған адамның тергеу заты болатын мәнжайларды білгендігін анықтау;

- тергеулік және іздестіру версияларын тексеру;

- қылмыстың істелуіне себбі тиетін мән-жайларды анықтау және с.с.

Тінту тактикасының мәні - тергеудің өңделген криминалдық тәсілін дұрыс қолдану, қылмысты зерттеу ерекшелігі және тергеуші әрекетінің жағдайы.

Осы уақытта тергеу іс әрекетін қарастыруға қатысты жалпы ұсыныстар болады.

Өндірісті тінтудің төрт кезеңі бар :

1) Алдын – алу кезеңі тінту орнына тергеу – оперативті топтың келуін қамтиды. Тінтіліп жатқан үй-жайға кіру және бұл шараны өткізуде өндірісті қалыпты тінтуді қамтамасыз етеді;

2) Шолу кезеңі – ғимаратты тексеру немесе участокты тінтуге қатысы бар объекті оның мекен – жайымен танысу, тінту жоспарын құру, тергеу іс әрекетіне қатысушылар арасындағы олардың атқаратын міндетін бөлу, техникалық құралды пайдалану бойынша шешім қабылдау;

3) Бөлшекті кезең – объектіні іздеу, яғни тергеуге қатысты, сонымен қатар кино түсірімдер немесе бейне таспа, фото жолымен өтетін тергеу іс әрекеті. Бұл кезеңде тінтудің тактикалық тәсілінің көпшілігі жүзеге асырылады.

4) Қорытынды кезең немесе тергеу нәтижесін белгілеу кезеңі – бұл тергеу әрекетінің хаттамасын құрастыруды сипаттайды. Оның тізімі егер де одан жоспарды дайындау тергеліп жатқан ғимараттың сметасы қажет болса ол фотоаппарат, бейнетаспа, бейнемагнитофон пайдаланылады.

Тергеудің тактикалық тәсілдерін жеке – жеке А.Р.Ратинов былай бөлген:

1) Жүйелік және ішінара тексеру. Бірінші тергеуші кезек бойынша объектіні тексеріп, таңдалған бағыт бойынша жүреді: ішінара тексерісте бірінші кезекте тінтіліп жатқан объектінің шындығын сақтау;

2) Жеке немесе топтық іздеу. Мұның мәнісі көрсетілген тәсіл бойынша тергеу тергеушінің санына байланысты таңдап алынады. Тергеуші тінтуді өзі жалғыз немесе оперативті жұмыскермен, басқа тергеушілермен жүргізуі мүмкін. Жеке іздеуде өзіндік жұмыс жасайды.

3) Біріккен немесе бөлінген ізденіс. Бірінші жағдайда тергеуші, мысалы, тексеріс жүргізеді. Ал оның көмекшісі (маман, оперативті жұмыскер) техникалық жұмысты орындайды. Жеке іздеу ол өзіндік жұмыс жасауды қажет етеді.

4) Тепе–тең немесе қарама-қарсы тексеріс. Бірінші тәсіл бойынша тінту жүргізу кең мекен-жайда немесе үлкен участоқта ыңғайлы. Ал егер мекен-жай іші еркін жүре алмайтын жағдайда болса, онда қарама-қарсы тексеріс жүргізуге тура келеді. Бұл жағдайда тексеріс жүргізушілердің біреуі мекен-жайға шығу жерінің сол жағынан, ал екіншісі оң жағынан тексерісті бастайды. Содан екеуі кездесіп, мекен-жайдың ортасын тексереді.

5) Кілең және бөлшектеп іздеу. Жалпы тінту кезінде кілең іздеу түрі жүргізіледі. Сонымен қатар, мысалы, кең мекен-жайда немесе керісінше, үлкен емес участіктерде көлемі үлкен заттар ізделінсе, тек соған сәйкес орындар тексеріледі.

6) Тексерілетін объектілердің тұтастығын бұзбай немесе бұзып тінту жүргізу. Соңғы жағдайда тінту кезінде, қажет болған жағдайда, мысалы, қоймаға кіру үшін қақпа сындырылады немесе киімнің астары ашылады және тағы басқалары.

7) Біртекті заттарды салыстыру. Бұл кезде салыстырылып жатқан объектілердің арасындағы қайшылық, құпия жердің бар екендігін жанама түрде көрсетеді. Мысалы, жеке меншік мүлікті талан- таражға салушы тұлғаның үйінде тінту жүргізу кезінде тергеуші шамамен бірдей гүл егілген ыдыстардың салмағын

салыстырып, оның біреуінің екіншісінен ауыр екендігін байқап қалды. Оның ішінен тығылған алтын тиындар алынды.

8) Микротінту. Оның мәнісі оптикалық құралдар (әр түрлі лупалар) арқылы тергеуге қажетті ұсақ объектілер мен іздерді, олардың белгілерін анықтауда. И.М. Лузгин көрсеткендей, тергеушіге ізделінетін заттардың жасырылған жері белгілі болған кезде, бірақ тінтілуші тұлға тергеушінің ақпараттанғандығын білмес үшін, тергеуші алдандырушы әдістерді қолдана алады¹. Мысалы, тергеушінің тінту кезектілігін өзгертуі, әдейі өзге объектілерге көңіл бөлуі және тағы басқалары. Тінтуді аяқ астынан жасау үшін, тінту жүргізілетін жерге білдіртпей келу керек. Егер, мысалы, тінту жүргізуге келген орган қызметкерлері автокөлікпен келсе, онда автокөлікті көрші үй жанында немесе бұрылыста тастап кетуі керек. Оған қатысты тінту жүргізілетін тұлға уақыт ұту мақсатында немесе тығылған объектілерді жою немесе қайта тығу үшін тергеушіге біраз уақыт бойы есікті ашпауы мүмкін. Ондай жағдайды болдырмау үшін тергеуші тінтілетін тұлғаны танитын өзге тұлғамен келуі керек. Егер есік көп уақыт бойы ашылмаса немесе ішіндегі тұлға есікті ашудан бас тартса, бұл мәжбүрлі түрде жасалады. Кірген кезде тергеуші өзін таныстыруы керек, сонымен қатар, қызмет куәлігін көрсетіп, тінтілуші қолын қоюға тиісті тінту жүргізу туралы қаулымен таныстырады. Мекен-жайдағы барлық азаматтарды бір жерге жинап, олардың жеке куәліктерін және олардың тінтілетін тұлғаға қатысын, жалпы тергеу ісіне қатыстылығын тексереді. Тергеу құпиясын сақтау үшін бұл азаматтарды тінту аяқталғанға дейін тінту жүргізушілердің біреуінің бақылауында қалдырады. Жасы келген адамдар, кәмелетке толмағандар, медициналық көмекті қажет ететін адамдар және қызмет міндетін орындау барысында келген адамдар тінту жүргізу аяқталғанға дейін, сәйкес ескертуден кейін жіберілуі мүмкін. Тергеуші солардың ішіндегі біреуінде іске қатысты қарудың, құжаттардың және заттардың болуы туралы негізделген болжамнан кейін жеке тінті жүргізуге құқылы. Тінтудің бұл түрі заңмен белгіленген тәртіпте жеке бөлмеде жүргізіледі.

Тергеуші барлық мекен-жайларды қарап шығып жалпы жағдаймен танысады. Сонымен қоса, ол тінту жүргізудің тәртібін бекітеді және тергеу әрекетіне қатысушылардың міндеттерін белгілейді. Егер мекен- жайда телефон аппараты болса, онда ол бақылауға алынады. Терезелер мен есіктердің сыртынан күзет қойылуы мүмкін. Пәтердегі балаларды ата-аналарының рұқсатымен, мысалы, көршілерге жіберген дұрыс. Сонымен қатар, үйден шыққан адамдардың ізделініп жүрген заттарды алып кетпеуін қадағалау керек. Егер тінту жүргізіліп жатқан жердің иесі өзін агрессивті ұстаса, тергеуші өзге қатысушы тұлғалардың қауыпсіздігін қамтамасыз етуі керек. В.И. Комисаровтың көрсетуі бойынша тінтіліп жатқан тұлғаның тергеу әрекетіне қатысушыларға қатысты құқыққа қарсылығын, агрессивтілігін, аморальді мінез-құлқын бұл тұлғаның тінту жүргізіліп жатқан жерде болу мүмкінсіздігі жағдай ретінде қарастыруға болады. Содан тергеуші қай бөлмелер мен заттардың тінтілушінікі екенін және осы пәтерде тұратын өзге тұлғалардыкі екенін анықтап, барлық бөлмелер мен жиһаздардың кілттерін алып, бос бөлмелерді оларды тексерілгенге дейін жауып қояды. Тексеріс жүргізу тәртібі көрсетілген тексеріліс жүргізілетін жерлердің орналасу нұсқасын анықтау дұрыс

болады. Яғни бұл ізделініп жүрген объектілерді әлі де тексерілмеген жерлерден тексеріліс жүргізілу аяқталған жерлерге ауыстыру мүмкіндігінің алдын алу үшін ыңғайлы. Тінтуді тексеруге аса ауыр жерлерден бастаған жөн себебі, мысалы, тергеуші тергеу әрекетінің соңына қарай шатыр астын мұқият қарамауы мүмкін. Тастан немесе кірпіштен қаланған қабырғаны қарау барысында оның жағдайына және материалының біртектілігіне назар аудару керек. Яғни қабырғаның кейбір жерлері қуыс жасау мақсатында бұзылуы мүмкін және де оны жабу үшін әртүрлі, бұрынғысына сәйкес келмейтін материалдар қолданылуы мүмкін. Бұндай құпия қуысты табу үшін, сонымен қатар, қабырғаны балғамен ұруы мүмкін, егер дауыссыз дыбыс шықса құпия қуыстың орналасу жері анықталады. Сәйкес қабырға бөліктері жұқа бізбен немесе бұрғымен тесілуі мүмкін. Ал ағаштан құралған қабырғаларды тексеру барысында олардың қосылу жері қаралады. Тексеру барысында қағылған шегелердің жағдайын қарау маңызды болып келеді.

Қара жерді бізбен тесу және су құю (таяуда қазылған жерге су тез арада сіңіп кетеді) тиімді болып келеді. Еден асты қоймасының фундаменти мен қабырғасының ішкі жағын тазалау керек, себебі ол жерде ізделінетін объектілер болуы мүмкін. Сонымен қатар, шатыр үстінде жылу ұстау қабаттары мұқият зерттелуі керек. Көп жағдайда ол жерлерде тығылған заттар табылады. Қылмыскерлер кей жағдайда заттарды баспалдақтың іргесіндегі кеңістіктерге тығады. Қосалқы бөлмелерде орналасқан сандықтар, жәшіктер және өзге ыдыстар мұқият тексеріледі. Ғимараттың сыртқы бөліктері: су құбырлары, балкон және қабырғалар тексеріледі. Тінтуді жүргізу барысында бір маңызды ережені сақтау керек: тексеру жан-жақты жүргізілуі керек және де бақылауға қиын жерлер аса мұқият қаралуы керек.

Үй – жайда тінту жүргізудің кезектілік тәртібі ерекше болып келеді және де ол үй – жайдың ерекшеліктері мен тергеушінің белгілі бір тактикалық ойына қатысты болады. Бөлмеде тінтуді қабырғалардың бойымен сағат жүруі бойынша немесе керісінше жүргізген дұрыс. Тінту жүргізуші жолында кездескен барлық заттарды, тіпті қабырғаның өзі мен онда ілінгендердің барлығын толық зерттейді. Содан кейін үй – жайдың ортасын қараған дұрыс. Іске қатысты бағалы заттай дәлелдемелер жоғалып кетуі мүмкін болғандықтан, кейбір кезде бірінші орында пешті, дәретхананы және осы сияқты өзге орындарды тексеру қажет. Еденнің жалпы жағдайына назар аудару керек. Егер еден боялса, жекелеген жерде қосымша боялған орынның бар-жоғын және оның түсінің бірдей болуын, қағылған шегелердің басы боялған екенін анықтау керек. Еденнің бұрыш-бұрышында орналасқан ауа өткізу жолдарын кіші айна, шам және сымнан жасалған ілгекті қолданып тексеру керек. Терезелерді қараған кезде олардың алды жылжымалы немесе қабырғаға бекітілгендігін анықтау керек.

Объектілер көрініс табуы үшін, жауап алу және бақылау тәсілдерін нйлестіруді талап ететін ақпаратты қамтыған жағдайда, сейкес тергеу әрекеттерін үшінші топқа жатқызу тергеушіні осы тәсілдердің ерқайсысына қатысты негізгі процессуалдық талаптарды естануға бағдарлайды. Сараптама жүргізуде таным процесі өзгеше болады, өйткені зерттелуші объектілерде жасырын ақпараттар бар (тікелей қабылдауға қол жетпейтін қылмыс іздері, олардың мазмұны мен мағынасы тергеушімен тікелей анықтала алмайды): тергеушінің тапсырмасымен объектілерді

тікелей зерттеуді сараптамашы жүргізеді де кейіннен жүйелендірілген тексеру қорытындысын тергеушіге табыстайды.

Жауап алудың тактикалық маңызды кезеңінің бірі ол жауап алушымен психологиялық байланыс жасау. Психологиялық байланыс жасаудың әртүрлі жолдары бар. Жекелегенде, тергеушімен жауапталушының арасындағы жақсы қалыптасқан психологиялық байланыстың салдарынан ол болған оқиға туралы толық, жан-жақты еркін түрде, тергеушіге қажетті ақпараттарды береді. Н.И. Порубов психологиялық байланысты, қарым-қатынас процесіндегі өзара әрекеттестіктің жүйесі ретінде қарастырады, ол екі жақтың сеніміне негізделетіндігін айтады.

Тергеушінің жауапталушыға заңды және заңсыз психологиялық әсер етудің нақты шекараларын анықтау қажет. Заңды түрде психологиялық әсер әздігінше қандай да бір нақты әрекетті көрсетпейді, жауапталушыдан қандай да бір қажетті жауапты қорқытып алмайды, тек қана ішкі психологиялық процестерге әсер етіп тұлғаның дұрыс жол ұстауын белгілейді, өзінің азаматтық міндетін түсінікті түрде қатынасын және басқа арқылы психологиялық қысым көрсетуден дұрыс жолды таңдауды бағыттайды - деп жазады А.В. Наумов. Яғни, психологиялық басымшылық пен заңды түрде психологиялық әсер ету арасындағы шекара болып біріншіден: тергеушімен заңды түрде тактикалық әсер жауап алу барысында қолданылады, және екіншіден жауапталушының қандай да болмасын позицияны таңдауға мүмкіндік бостандығының болуы.

Жауап алушы және жауап беруші адамның арасында қайшылықты жағдай қалыптасқан кезде басқаша тактикалық әдістер қолданылады, ол әдістер жауап беруші адамның әтірік айтып отырғандығын әшкерелеуге бағытталады. Мұндай жағдай кәбінесе айыпкерден жауап алғанда, яғни айыпкердің қылмысты мен жасаған жоқпын, ол уақытта мен басқа жерде болдым деп шындықтан жалтарған кезінде кездеседі. Мұндай айыпкердің алибиін әшкерелеу үшін қолданылатын ең бірінші тәсіл - жауап беруші адамнан неғұрлым толық жауап алу, ұсақ оқиғалардың берін қамту. Біріншіден, мұның, яғни ең елеусіз сәттерге дейін ескертіліп, жауап алынуы, олар тексерілген кезде бекімесе, жауап беруші адамның өтірігін шығаруға көмектеседі. Екіншіден, айыпкер жалпы оқиғаға байланысты беретін жауабын алдын ала дайындап келгенмен сұрақтың бұлай қойылатынын білмегендіктен, ол жауап бергенде абдырап өз өтірігін өзі шығарып алады. әсіресе, қайта жауап алғанда осылай болады.

Жауапкер адамның әтірік айтып отырғанын әшкерелеу үшін істе осы факті бойынша жиналған басқа делелдемелерді, айғақ заттарды пайдалану керек.

Деректерді пайдалану тәсілдері бар. Ең алдымен делелдеме есебінде елеусіздеу деректерді айыпкерге көрсетіп, оны мойындамаса неғұрлым маңызды, бәлтартпас деректерге кәшіп, жалған жауапты әшкерелеуге болады. Айталық, айыпкердің бір пәтерден шыққанын екінші біреу көрді, бірақ күдікті сол пәтерде болғанын мойындамады делік. Мұндай жағдайда стол үстінде қалған бәтелке мен стаканды, стаканда айыпкердің қалған қолтаңбасын көрсетіп, айыпкердің ол пәтерде болғанын тергеуші мойындаттыра алады. Дактилоскопиялық сараптама қорытындысымен бекітілуі тиіс.

Жауап алу кезінде жедел-іздігіру деректерінің алынған қайнар көздерін, мейлінше құпияландырудың маңызы айрықша. Сондықтан тергеуші жедел-іздігіру деректері бойынша айыпкерден жауап алғанда қойылатын сұрақтарына өте мұқият болуы тиіс. Егер жауап алу күрделі жағдайда әтетін болса, онда тергеуші ең маңызды сұрақтарды алдын ала іріктеп, қарастырып алғаны жөн. Жедел-іздігіру деректерін пайдаланғанда мұның маңызы өте зор. Әйтпесе, сәтсіз қойылған кішкене сұрақтың өзі жедел-іздігіру деректерін алу қайнар көздерін айыпкерге байқатып алуы әбден мүмкін. Қылмыскерлер әсіресе, аса қауіпті қылмыскерлер, сондай-ақ басқа да айғақ заттардың, келтірілген құжаттардың бәлтартпайтындығынна көз жеткен, бірақ қылмысын қалай, қандай жолмен болсын мойындауынан бас тартуға әбден бекінгендер, жаңағы айғақ заттардың, құжаттардың кәзін кәртуға тырысады. Сондықтан тергеу кезінде оның сақталып қорғалуына мейлінше мұқият болуы керек. Ол құжаттарды айыпкерге столдың ейнегінің астына қойып корсету немесе оның кәшірмесін жасау, сондай-ақ, жауап алу кезінде күдіктінің айғақ заттарды немесе құжаттарды құртып жіберуінен сақтану үшін екінші бір куәгерді де жауап алу процесіне тартып, сақтық шараларын қолдану керек.

Егер тергеу органының қарамағындағы алда болуы тиіс пара беру-алу дерегі, оның орны мен уақыты жайлы, пара заты жайлы нақты, жеткілікті меліметтер болса, онда паракорларды қылмыс үстінде әстаған орынды болады. Мұндай әрекет қылмыскердің, олардың кездесу орындарының сыртынан бақылаудан және оларды тікелей параны беріп- алып болған сетте ұстаудан тәратын тергеу және жедел іздігіру әрекеттерін біріктіруді қажет етеді.

Қылмыскерді ұстап алу шаралары бойынша жоспар тергеушімен және күштер, құралдар тартылып отырған бөлім басшысымен келісілуі тиіс. Сонымен қатар, бұл тергеу әрекетін жүргізуге дайындық жасау әрқашанда мүмкіндік бола бермейтіндігі де естен шығарылмауы тиіс. Кейбір жағдайларда, қарулы қылмыскерлерді ұстау алдын ала дайындықсыз, қолайсыз жердерде жүргізіледі. Мұндай жағдай жағдайларда тереу әрекетінің сеттілігі қызметкерлердің кәсіби деңгейіне, батылдығына және тергеушінің, жедел уәкілдің шешімділігіне байланысты болады. Дегенменде, бұл жағдайларда ұстауды қызметкерлер суық қандылықпен, байқап, айналадағыларға және қатысушыларға қатысты төменгі қауіптілік жағдайында жүргізуі тиіс. әзірлік барысында қажетті меліметтер жиналған алғашқы материалдардың, қылмыстық істегі деректерден, жедел-іздігіру деректерінен, қылмысты тіркеу жүйесінен, мәражайлардан және басқаларынан алынуы мүмкін. Жиналған осындай меліметтердің негізінде қылмыскерді ұстаудың жоспары жасалады. Онда ұстап алу мерзімі мен ұсталатын жер кімнің қандай шараларды жүзеге асыратыны, жедел топты кімнің басқаратыны көрсетіледі. Тобымен ұстау қажет болғанда жоспарда жедел топтың нақты қай мүшесі нақты қай қылмыскерді ұстайтындығы дел белгіленуі тиіс. Кей жағдайларда, әсіресе ашық жерлерде қолға түсіру көзделген кезде, жедел топтың қарамына із кесетін иттерді де кіргізген жөн. Із кесетін ит қылмыскердің соңына түскенде, оны үй астынан, төбеден, үй маңындағы қосалқы құрылыстардан, ашық жерлерден іздегенде, қылмыскер қарулы қарсылық көрсеткенде қажет.

Егер топ мүшесінің қолында қылмыскердің суреті болса, сонымен салыстырады, сондықтан мүмкіндігінше, топтың ер мүшесінде ұстау жүргізілетін

тұлғаның суреті болған жөн. Жедел топтың мүшелері кімге, қай жерде бақылау жасайтынын, қылмыскер жасырынған жерге кімнің, қалай кіретінін, қылмыскерді қарусыздандыру үшін қандай қимыл жасайтынын, қылмыскер қарулы қарсылық көрсеткенде қандай әрекеттер жасау керектігін, ұсталғаннан кейін қылмыскерді қалай алып жүру қажеттігін мұқият еске сақтап алынуы тиіс.

2 Сотқа дейінгі жеделделдетілген тергеп тексеру барысында процестік актілер

Тергеу іс-әрекеттерін жүргізудің жалпы ережелері

1. Тергеуші тергеу іс-әрекеттеріне қатысуға заңдарда белгіленген адамдарды тарта отырып, олардың жеке басын анықтайды, оларға құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ тергеу іс-әрекеттерін жүргізудің тәртібін түсіндіреді.

2. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларды қоспағанда, тергеу ісін түнгі уақытта жүргізуге жол берілмейді.

3. Тергеу іс-әрекетін жүргізу кезінде техникалық құралдар қолданылуы және қылмыс іздері мен заттай дәлелдерді анықтаудың, бекіту мен алудың ғылыми негізделген әдістері қолданылуы мүмкін.

4. Тергеу іс-әрекетін жүргізу кезінде күш қолдануға, қорқытуға және өзге де заңсыз шараларды қолдануға, сонымен қатар оған қатысушы адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызуға жол берілмейді.

5. Тергеуші тергеу іс-әрекеттеріне қатысуға анықтау органының қызметкерін тартуға құқылы.

Қалған тергеу іс-әрекеттері куәгерлердің қатысуынсыз, бірақ барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар міндетті түрде қолданыла отырып жүргізіледі.

Барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының Бас прокуроры тиісті мемлекеттік органдармен келісе отырып айқындайды.

Тергеу іс-әрекетінің хаттамасы

1. Тергеу іс-әрекетінің хаттамасы тергеу іс-әрекетін жүргізу барысында немесе ол аяқталғаннан кейін бірден жасалады.

2. Хаттама қолмен жазылуы, машинка жазбасы не компьютер арқылы жасалуы мүмкін. Хаттаманың толық болуын қамтамасыз ету үшін стенографиялау, киноға түсіру, дыбыс және бейнежазба қолданылуы мүмкін. Стенографиялық жазба, дыбыс және бейнежазба материалдары іспен бірге сақталады.

3. Хаттамада: тергеу іс-әрекетін жүргізу орны мен күні; оның басталу және аяқталу уақыты минутына дейін дәл; тергеушінің лауазымы мен аты-жөні; тергеу іс-әрекетіне қатысқан әрбір адамның тегі, аты, әкесінің аты, ал қажет болған жағдайда оның мекен-жайы көрсетіледі. Хаттамада іс жүргізу әрекеттері олардың болған ретімен, оларды жүргізу барысында іс үшін мәні бар анықталған жағдайлар, сондай-ақ тергеу іс-әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың мәлімдемелері жазылады.

4. Егер тергеу іс-әрекетін жүргізу кезінде фотосуретке түсіру, киноға түсіру, дыбыс және бейнежазба қолданылса не іздің көшірме бедері мен таңбасы жасалса, сызбалар, схемалар, жоспарлар жасалса, онда хаттамада оны жүргізу барысында қолданылған ғылыми-техникалық құралдар, оларды пайдалану жағдайлары мен тәртібі, бұл құралдар қолданылған объектілер және алынған нәтижелер көрсетілуге тиіс. Хаттамада бұған қоса ғылыми-техникалық құралдарды қолданудың алдында бұл туралы тергеу іс-әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың хабардар етілгені көрсетілуге тиіс.

5. Танысу үшін хаттама тергеу іс-әрекетін жүргізуге қатысқан барлық адамдарға ұсынылады. Оларға хаттамаға енгізілуге тиіс ескертпе жасау құқығы түсіндіріледі. Хаттамаға енгізілген барлық ескертпелер, толықтырулар, түзетулер көрсетілуге және олар осы адамдардың қол қоюымен куәландырылуға тиіс.

6. Хаттамаға тергеуші, жауап алынған адам, аудармашы, маман, куәгерлер және тергеу іс-әрекетін жүргізуге қатысқан барлық адамдар қол қояды. Тергеу іс-әрекетінің хаттамасына қол қоядан бас тартылған немесе қол қою мүмкін болмаған жағдайда бұл фактіні куәландыру осы Кодекстің бөліктеріне сәйкес жүргізіледі.

7. Хаттамаға тергеу іс-әрекетін жүргізу кезінде орындалған фотографиялық негативтер мен суреттер, кинотаспалар, диапозитивтер, фонограммалар, бейнежазба кассеталары, сызбалар, жоспарлар, схемалар, іздің көшірме бедерлері мен таңбалары қоса тіркеледі.

8. Егер тергеу іс-әрекетін жүргізу барысында маман зерттеу нәтижелері бойынша ресми құжат жасаса, онда бұл құжат хаттамаға қоса тіркеледі, ол туралы хаттамаға тиісті жазу жазылады.

9. Жәбірленушінің, оның өкілінің, куәнің және олардың жақындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет деп санауға негіздер болған кезде тергеуші аталған адамдар қатысып отырған тергеу іс-әрекеті хаттамасында олардың жеке басы туралы деректерді жазбауға құқылы. Бұл жағдайда тергеуші жеке басы туралы деректерді құпия сақтау туралы қабылданған шешімнің себептері жазылған, олардың бүркеншік аттары көрсетілген және ол қатысқан тергеу іс-әрекетінің хаттамаларында ол қолданатын қол қоюдың үлгілері келтірілген қаулыны шығаруға міндетті. Қаулы бұдан әрі қылмыстық істі тергеген органда сақталатын конвертке салынып, желімделеді, оның ішіндегілермен тергеушіден басқа прокурор және сот таныса алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шейфер С.А. Следственные действия. Система и процессуальная форма. - М.: Юрид.лит., 1981. - 128 с.
2. Герасимов И.Ф. Некоторые проблемы раскрытия преступлений. Свердловск: Средне-Уральское книжное, 1975. - 184 с.
3. Порубов Н.И. Криминалистическая тактика // Криминалистика: Учеб. для вузов. - Минск: Высш.шк., 1997. С. 80-121.
4. Наумов А.В. Уголовное право. Общая часть. Курс лекций. - М., 1996. - 682 .

Иллюстративтік және тарату материалы

	Сабақ тақырыптары	Активтік оқыту әдістемесі Тарату материалы	Еске рту
	Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексерудің жалпы сипаттамасы	Дәріс материалдарын компьютерлік слайд арқылы көрсету	
	Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеу және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау бойынша тергеушінің қызметі	слайд-бейне көрсету. Тексті көрсету	
	Жәбірленушінің мәртебесін анықтаудың, жәбірленушінің жауабын алуды ұйымдастыру мен жүргізудің процестік	Тәжірибелік сабақ өткізу барысында кестелерді көрсету	

	тәртібі		
	Күдіктінің мәртебесін анықтау және күдіктіден жауап алуды ұйымдастыру бойынша тергеушінің қызметі	Компьютерлік презентационный блиц-тренинг. Электрондық оқу әдістеме бағдарламасы	
	Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру барысында тергеу әрекеттерін ұйымдастыру және жүргізу	Тәжірибелік сабақ өткізу барысында кестелерді көрсету	
	Күдіктінің іс-әрекетін саралауды анықтау кезеңіндегі тергеушінің қызметі	Дәріс материалдарын компьютерлік слайд арқылы көрсету	
	Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп тексеруде бұлтартпау шараларын қолданудың процестік тәртібі	Дәріс материалдарын компьютерлік слайд арқылы көрсету	
	Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруді аяқтау кезеңіндегі тергеушінің қызметі	Дәріс материалдарын компьютерлік слайд арқылы көрсету	

Оқу сабағына мультимедиялық бағдарламалар

Тақырып	Сабақ түрі	Бағдарлама түрі	Өткізілетін орын	Арнайы аудитория нөмірі
1	2	3	4	5
1.	Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексерудің жалпы сипаттамасы	Слайдтар		
2.	Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеу және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау бойынша тергеушінің қызметі	Слайдтар		
3.	Жәбірленушінің мәртебесін	Слайдтар		

	анықтаудың, жәбірленушінің жауабын алуды ұйымдастыру мен жүргізудің процестік тәртібі			
4.	Күдіктінің мәртебесін анықтау және күдіктіден жауап алуды ұйымдастыру бойынша тергеушінің қызметі	Слайдтар		
5	Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру барысында тергеу әрекеттерін ұйымдастыру және жүргізу			
6	Күдіктінің іс-әрекетін саралауды анықтау кезеңіндегі тергеушінің қызметі			
7	Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп тексеруде бұлтартпау шараларын қолданудың процестік тәртібі			
8	Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруді аяқтау кезеңіндегі тергеушінің қызметі			

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру» арнайы курсы бойынша оқу - әдістемелік қамтамасыз ету картасы (ПОӘҚК)

/п	Оқу-әдістемелік құжаттардың атауы	Авторлар	Мемлекеттік тілінде (шыққан аттары)	Орыс тілінде (шыққан аттары)
	2	3	4	
	Оқу-теориялық басылым			
.	Оқу құралы	1.ТяжинаА.О., НогайбаеваА.С., Бейсембаев А.Ж. 2.КенжетаевД.Т., КалиеваА.К., Балтабаев Т.Н. 3.Генеральная Прокуратура РК		Досудебное про уголовным дел процессуальных док Примерные обра процессуальных досудебного расслед Приказ № 89 от 19.0 «О порядке приема

				заявлений и совершенных правонарушений»
		4. Сарсенбаев Т.Е. Хан А.Л.		Уголовный процесс производство: учебное Астана: ИКФ «Фили
		5. Сарсенбаев Т.Е. Смирнов С.В. Хан А.Л.		Расследование уголовно-правовых кража чужого имущества практическое Актам групп, 2006г.
		6.Авторский коллектив под ред. А.Н.Ахпанова	Бөтеннің мүлкін ұрлауға қатысты қылмыстық істі тергеу: оқу тәжірибелік құрал.-Қарағанды: 2010ж.	Примерные образцы процессуальных актов производства: учебное пособие.-Алматы: 2006г.
		7.Авторский коллектив под ред. Т.Е.Сарсенбаева	Қылмыстық іс жүргізу актілерінің үлгілері (сотқа дейінгі саты) : Тәжірибелік оқу құралы.- Қарағанды: Болашақ Баспа: 2010ж.	Комментарий к дополнениям в процессуальный кодекс Казахстана
		8.Тяжина А.О., Ногайбаева А.С.		Новеллы досудебного производства по УПК Республики Казахстан учебно-практическое пособие (краткий анализ) Караганда 2015.
		9. Бейсенбаев А.Ж., Кондратьев И.В.		Дознание по поручению вверенного имущества образцы документов. Учебное пособие. Караганда
		10. Тяжина А.О., Ногайбаева А.С.		Досудебное производство отдельных категорий правонарушений Караганда 2015.
		11. Калиев А.К., Кондратьев И.В., Хасенов Е.А.		Досудебное производство уголовных дел (убийство). Учебное пособие (под общей редакцией профессора Токаева) Караганда 2015.
		12. Калиев А.К., Шакжанов А.Т.,	Алаяқтық жолмен жасалған қылмыстарды	

		<p>Ақшолақов Р.Б.</p> <p>13. А.К.Қалиев, Т.Н.Сүйлеменов, А.Ж.Бейсенбаев, А.Т.Шакжанов.</p> <p>14. Калиев А.К., Ногайбаева А.С., Хасенов Е.А.</p> <p>15. Калиев А.К., Сулейменов Т.Н., Бейсенбаев А.Ж., Шакжанов А.Т., Жаксыбаев Б.Е.</p> <p>16. Бейсенбаев А.Ж.</p> <p>17. Кондратьев И.В., Шульгин Е.П.</p> <p>18. Т.З.Аймағанбетов, А.Қ.Қалиев, Т.Н.Сүлейменов, А.Ж.Бейсенбаев, А.Т.Шакжанов, А.С.Ногайбаева, Б.Е.Жаксыбаев, Қ.М.Алимбеков, Е.А.Хасенов, Ж.С.Кемпирова</p> <p>19. Ногайбаева А.С., Хасенов Е.А.</p>	<p>сотқа дейінгі тергеп-тексеру. Әдістемелік нұсқаулықтар мен процессуалдық құжаттардың үлгілері. Оқу-тәжірибелік құрал. Қарағанда, 2015.</p> <p>Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы іс жүргізу құжаттарының үлгілері. Қарағанды: 2016.</p> <p>Қылмыстық құқық бұзушылықтың жекелей санаттың сотқа дейінгі тергеп тексеру. Тәжірибелік-оқу құралы. Қарағанды 2017.</p> <p>Қарап-тексеру жүргізуді ұйымдастыру бойынша тергеушілер мен анықтаушыларға жадынама. Қарағанды 2017.</p>	<p>Досудебное отдельных видов правонарушений. практическое пособие 2017.</p> <p>Предварительное присвоению или расчужого имущества практическое пособие 2017.</p> <p>Организационная следователя (до проведения следств. Учебно-практич. Қарағанда 2017.</p> <p>Квалификация решений лица, о досудебное расслед процессуальных Қарағанда, 2017.</p>
	Дәріс қоры, авторлық дәріс			

.4	курсы			
	Оқу-әдістемелік басылым:			
.	Тесттік материалдар	1.Авторский коллектив кафедры 2.Авторский коллектив кафедры	ҚБСО пәні бойынша тергеу-криминалистикалық мамандығы 3 курс тыңдаушыларына арналған тест тапсырмалары ҚБСО пәні бойынша жедел-іздістіру мамандығы 3 курс тыңдаушыларына арналған тест тапсырмалары	Вопросы тестов дл курса криминалистическо Вопросы тестов дл курса опера специализации
.	Электрондық оқулық	Тяжина А.О. Хан А.Л. Калиев А.К.	Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс: электрондық оқу құрал.- Қарағанды, 2010ж.	
	Оқу-әдістемелік басылым:			
.	Дипломдық жұмыс дайындау бойынша әдістемелік ұсыным	Авторский коллектив кафедры	Дипломдық жұмыстарды дайындау, ресімдеу және қорғауға ұсыну жөніндегі ереже және әдістемелік нұсқаулар	Положение и метод по подготовке, представ-лению дипломных работ
.	2 курс курсанттарына тәжірибемен танысу өту және оны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыным	Авторский коллектив кафедры	ҚР ІІМ органдарының тергеу бөлімдерінде тергеу-криминалистикалық мамандығы 2 курс тыңдаушыларының танысу тәжірибесін ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулар мен бағдарлама	Программа и метод по организации ознакомительной слушателей 2 кур криминалисти-ческо в следственных МВД РК
.	3 курс курсантарына қосымша тәжірибе өту және оны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыным	Авторский коллектив кафедры	ҚР ІІМ органдарының тергеу бөлімдерінде тергеу-криминалистикалық мамандығы 3 курс тыңдаушыларының қосымша тәжірибесін жоспарланған сабақтардан тыс тәжірибе ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулар мен бағдарлама	Программа и метод по организации дополнительной внеучебное время курса криминалистическо в следствен-ных МВД РК

.	4 курс курсанттарына тәжірибе өту және оны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыным	Авторский коллектив кафедры	ҚР ПМ органдарының тергеу бөлімдерінде тергеу-криминалистикалық мамандығы 4 курс тыңдаушыларының тағылым-дамасын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулар мен бағдарлама	Программа и методика по организации стажировки слушателей следственно-криминальной специализации в подразделениях МВД
.	Магисторлық диссертация дайындау және рәсімдеу бойынша әдістемелік ұсыным	Авторский коллектив кафедры	Магистрлік диссертацияны дайындау, ресімдеу және қорғау тәртібі жөніндегі әдістемелік ұсынымдар	Методические рекомендации по подготовке, оформлению магистерских диссертаций
	Оқу-әдістемелік кешендер:			
.	Мамандық бойынша оқу-әдістемелік кешендер	Авторский коллектив кафедры		
.	Пән бойынша оқу-әдістемелік кешендер	Авторский коллектив кафедры		
	Электрондық оқу-әдістемелік кешені:			
.	Электронды тасымалдағышпен Компьютердің көмегімен көрсетілетін және электронды тасымалдағышпен ұсыну үшін әзірленген, оқу-әдістемелік кешені	Авторский коллектив кафедры		
.	Электронды түрдегі тестер (тестілеу бағдарламалары)	Авторский коллектив кафедры	ҚБСО пәні бойынша тергеу-криминалистикалық мамандығы 3 курс тыңдаушыларына арналған тест тапсырмалары ҚБСО пәні бойынша жедел-ізвестіру мамандығы 3 курс тыңдаушыларына арналған тест тапсырмалары	Вопросы тестов для курса криминалистической специализации Вопросы тестов для курса операционной специализации
.	Оқу-әдістемелік кешендер:	1. Сарсенбаев Т.Е. Смирнов С.В. Хан А.Л. 2. Сарсенбаев Т.Е.		Расследование угона кража чужого имущества практическое Акрам групп, 2006г. Бөтеннің мүлкін ұрлауға

		<p>Смирнов С.В. Хан А.Л.</p> <p>3.Авторский коллектив редакцией</p> <p>Т.Е.Сарсенбаева</p>	<p>қатысты қылмыстық істі тергеу:оқу тәжірибелік құрал.-Қарағанды: 2010ж.</p> <p>Қылмыстық іс жүргізу актілерінің үлгілері (сотқа дейінгі саты) : Тәжірибелік оқу құралы.- Қарағанды: Болашақ Баспа: 2010ж.</p>	
--	--	--	---	--